ЖАС ҚАЗАҚ

ISSN 2074-899X

№26
(650)
30 маусым
2017 жыл

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

28 МАУСЫМ – БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ КҮНІ

ТӨРТІНШІ БИЛІКТІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

Әріптестер туралы ішкі беттерден оқи аласыздар.

4 КӨЛ ОРАЛАДЫ

6 ДІН МЕН ТЕРРОРИЗМ – ЕКІ БӨЛЕК ҰҒЫМ

7 ТАЛАНТЫМЕН ТӘНТІ ЕТТІ

9 АЛАШ ДЕП ҒҰМЫР КЕШКЕН

on the web JASQAZAQ.KZ

БІЗДІҢ СҰХБАТ

БАЛАУСА ТАҒДЫР СЫНБАЙДЫ

«Анам түн жарымында оралатын. Кейде удай мас болып келсе, бірде мүлде үйге қонбай қалатын. Біз оны іздеп шығып, көшеден, қаңғыбастардың арасынан табатын едік. Көп ішті. Неге ішетінін ол кезде түсінген жоқпыз. Ол ішіп алған кезде бізге көнбейді. Өзімізді ұрып, мазамызды әбден алды. «Сендердің әкелеріңді жек көремін. Сендер де құрып кетіңдер!» – деп балағаттап жүрді.

Кейін ол аяқ астынан қымбат киім киініп, сыланып-сыйпанып шыға келді. Оның қандай жұмыспен айналысып, ақшаны қайдан тапқанын білмей, біз аң-таң болдық та қалдық» – деп әңгімесін бір үзді. Сонан соң: – Бізге, тіпті әкеме де қандай жұмыс істейтінін айтпағанды. Қалтасынан бума-бума ақша үзілмейді. Таныстары да, достары да аяқ астынан көбейіп шыға келді. Біз кішкентаймыз. Көп нәрсені түсіне бермейміз. Үйге біреу келіп, біреу кетіп жататын. «Туыстарың» – деп айтушы еді. Сөйтсек, анам есірткі сатумен айналысыпты.

(Жалғасы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

БУРАБАЙДА БІТЕЛГЕН БҰЛАҚ КӨП

1928 жылы Бурабай демалыс аймағының директоры В.Якубович Бармашин қайнарының минералды суын газдандыруды тәжірибе жүзінде сынап көреді. Сөйтіп, одан мөлдір су алынады. Бүгінде бұл бұлақтың бір де бірі жоқ. Бәрі адамның салдыр-салақтығынан, жаны ашымастық әрекетінен көзі жабылып, әлдеқашан тартылып қалған.

(Жалғасы 4-бетте)

БИРЖАМЕТР

ТІЛШІНІҢ ЕРМЕГІ

Ғасырлардан сыр тартқан

Көне бұйымдарға неге құмарсың деп сұрайсың ғой. Әр зат әлгі заманның белгісіндей емес пе! Сол дәуірдің адамдарының бір-біріне деген қарым-қатынасын, олардың өмірге деген көзқарасын біле түсесің. Мысалға, сол кездің самауырының өзі ерекше нақышпен жасалған.

(Толығырақ 8-бетте)

БИЛІК

ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРАЙ БАҒАСЫ...

Мемлекет басшысы осы аптада Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдерін қабылдады. Әсет Исекешев қаладағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге және инфрақұрылымды жақсартуға қатысты атқарылып жатқан жұмыс жөнінде мәлімет берсе, Мәлік Мырзалин Ақмола облысының туристік әлеуетін, соның ішінде «Бурабай» курортын одан әрі дамыту жұмысы туралы баяндады.

Елбасы «Бурабай» демалыс аймағына келуші саны жылдың әр мезгілінде әртүрлі екеніне назар аударып, туриске көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту бойынша шара қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ көрсетілетін қызметтің деңгейіне бағаның сай келмейтінін атап өтті. Қазіргі таңда «ЭКСПО-2017» көрмесінің өтуін тиімді пайдалану қажет. Нұрсұлтан Назарбаев «Көптеген турист келді. Соның ішінде шетелдіктер де бар. Бірақ экологияға зиян келтірмеу керек. Сонымен қатар адамның демалуы үшін жақсы жағдай жасаған жөн», – деді. Сондай-ақ мемлекет басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткішін өсірудің маңыздылығына тоқталып, облыс басшылығы тарапынан ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар саланы айтты.

Кездесуде Қазақстан Президенті Астана қаласының тұрғындары санының артып келе жатқанына назар аударып, балабақша және мектеппен қамтамасыз ету бойынша шара қабылдау қажеттігін атап өтті. Елбасы көші-қон үдерісін ерекше бақылауға алып, мемлекеттік бағдарламамен тұрғын үй беру жүйесін жөнге келтіру де маңызды екеніне тоқталды. Астана қаласының әкімі Елорданы дамытудың бірқатар экономикалық индикаторы өскенін айтты. Сондай-ақ қала тұрғындарының өмір сүруінің орташа ұзақтығы 75 жасқа жеткенін айта келе, әлеуметтік сала оң қарқынмен дамып келе жатқанына тоқталды. Ә.Исекешев Елбасыға аналар өлімі және өкпе ауруы деңгейінің төмендегенін айтты. Сонымен бірге Астана қаласының әкімі «Талдыкөл» ағын су қоймасы орналасқан жердің құнарлығын қалпына келтіру, жауын су ағатын кәріз жүйесін және жол-көлік инфрақұрылымын жетілдіру бағытында қабылданған жұмыс жөнінде есеп берді.

(Өз тілішіміз)

Әлеумет.t⁰

САБАҚТАСТЫҚ БОЛСА

Жастарды үйрету керек. Көптеген жастар жоғары оқу орындарында оқыған, көргенімен келеді газет-журналға. Үтір, нүкте түгілі, «Н» мен «Ң»-ды, «Ғ» мен «Қ»-ны ажырата алмайды. Орфография, орфоэпия заңдылықтарынан мүлде сауатсыз. Қалай жазылса, солай оқиды немесе қазақ тілінің ілгерінді ықпал, кейінді ықпал деген сияқты грамматикалық заңдылықтарын сақтамайды. Білмейді. Бұрын газетте «т.б» деген сияқты қысқарған сөз жазылмайтын. Қазір газетке жұмыс істеймін деп келген қыздар мен жігіттер бірінші сөйлемнің өзін «т.б»-мен тықылдап бастайды.

Ондай студентті көп көріп жүрміз. Тіпті бүгінгі журналистика факультетін бітіріп, баспасөзге келіп жатқан жас журналистер газетті оқымайтын сияқты. Маған солай көрінді.

Газет оқымаған соң, логикалық, стилистикалық қателік деген тайға таңба басқандай өріп жүрмей ме. Кейбірі республикалық деңгейде қанша газет, қанша журнал шығатынын білмейді. Олардың бағытынан да хабарсыз. Бұл арада аймақтық басылымдарды айтпай-ақ қоюға болады. ҚазҰУ-дан жылына осында қаншама жас маман келеді. Егер жазуға икемі болса, бірдеме үйренгісі келсе, қолдап, қанаттандырып жіберейік дейсің ғой. Әсіресе, қыздар көп тілші болғысы келетін. Жігіттер аз. Соларды сүйреп көреміз, бірақ түк шықпайды. Өз ұмтылмаған адамды сүйрегенде қайтесің? Бір-екі ай жүреді де кетіп қалады.

Бір емес, бірнеше студент келген. Жұмыс кабинетімде отырғызып мақала да жаздырдым. Бұрын біз үлкен журналистерге еліктеп жазып үйрендік. Бұларда ондай да жоқ. Мүлде басқаша жазады. Басқаша сөйлем құрайды. Сонан соң, өзге тілдің де әсері болуы мүмкін. Орысша ойлап, қазақша жазған адамнан не сұрайсың?! Әсіресе, журналистикаға келіп жатқан қыздардың көбі орысша ойлайды. Сөйлем құрағанда да алдымен орысша ойлап алып, соны қазақшаға аударып жазады. Онысы шимай-шатпағынан көрініп тұрады.

Жастардың жазуға келгенде сауатсыз болатын тағы бір себебі – студент уақыттың көбін әлеуметтік желіде өткізеді. Ал әлеуметтік желі – нағыз сауатсыздардың ұясы. Оның тілі де, табиғаты да бөлек. Әлеуметтік желіні шопан да, жүргізуші де, блогер де пайдаланады. Жастар соны оқиды. Ондағы қателік адамды адастырмай қайтсін?! Жуырда Олжас Сүлейменов ағамыз бір сұхбатында «Әлеуметтік желі журналистика емес» – деп, бөліп тастады. Соны естіп қуанып қалдым.

Болашақ – IT технологияның заманы. Қағаз газеттің дәуірені өтіп бара жатыр. Бірақ жаңа технология деп, қазақ тілінің заңдылығын бұзуға болмайды. Сауатсыздықты өршітіп жіберу мүлде дұрыс емес.

Қазір «Журналистер одағы» деген мекеме жоқ. Негізі осындай бір мекеме аға буын мен соңғы буын арасындағы кәсіби сабақтастық қызметін атқаруы керек еді. Журналистиканың жілігін шағып, майын ішкен кәсіби журналистер жастарға арнап апта сайын бір-екі рет тренинг өткізсе, қандай тамаша болар еді. Сонда жастар да бұл мамандықтың қыр-сырын түсініп, өз қызметін айқындап, жауапкершілікті сезінер еді...

Мен оншақты жыл шетел баспасөзінде жұмыс істедім. Американың ақпарат беру, хабар тарату сияқты технологиясын өз көзіммен көрдім. Біздің бүгінгі жас журналистерге озық елдердің тәжірибесі ауадай қажет. Жастарымыз қазақша ойлап, сауатты жазса, шетелдің озық тәжірибесімен сусындаса, қазақ баспасөзі қалай гүлденер еді, шіркін! Шерхан аға Мұртазаша айтқанда, бұл да «бір кем дүние»!

Талғат СҮЙІНБАЙ,
журналист

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

380
млн теңгеге заңсыз жолмен зергерлік бұйым әкелген қырғыз азаматы сотталды

2,2
млрд теңге. Елімізде 50 бөлме бар вилла сатылымға шықты

60
млн теңге. Қарақшылар банкті тонап кетті

106
мың теңге. Қарағандының азаматы түрмеге осынша ақша кіргізбекші болған

Құттықтау

Дәурен АБАЕВ,
ақпарат және коммуникациялар министрі:

«Байланыс пен ақпарат бүгінде қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларын қамтиды. Әрине, олардың рөлі қай кезде болса да жоғары, алайда XXI ғасыр олар үшін көрнекі бола түсті. Бұқаралық-медиа және телекоммуникация деңгейі заманауи мемлекеттердің даму индикаторы қызметін атқарады. Бүгінде бізде осы стратегиялық саланы дамытуда, оны жалпыға бірдей пайдалы етуде еңбек етіп жүрген журналистер қауымын кәсіби мерекесімен құттықтауға тамаша мүмкіндік бар.

Құрметті әріптестер, мерекелеріңізбен! Сіздерге және отбасыларыңызға табыс, бақыт тілеймін! Әр бастамаларыңыз сәттілікпен шынайы өмір айнасына айнала берсін!»

Оқшау ой

ЖАСТАР ОЙЫН АШЫҚ АЙТАДЫ

Менің бір салада, бір жерде қызмет етіп жатқаныма биыл 36 жыл болыпты. Осы қарашаңырақ «Қазақ радиосынан» зейнетке шығайын деп отырмын. Жұмысқа жаңадан араласқан кезімізде біздің алдымыздағы ағаларымыз болды. Мысалы, Жаңабек, Жарылқасын, Төлеубай деген ағаларымыз болды. Сол кісілер бізге ерекше қамқорлық танытты. Шынымды айтайын, студент болып оқу бітіріп келдім. Ол кезде пәтер жалдап тұрамын. Әлі күнге есімнен кетпейтін бір көрініс бар. Жәнібек деген ағамыз сол кезде бағалы құндыз бөрік сатып алған. Сол жаңа бөркін менің басыма кигізе салды. Сонда өзімен қатар жүрген жігіттер «неге бересің?» деп ренжіген еді. Сонда ағамыз «Бұл әлі студент, үйі-күйі жоқ, кисін» – деді. Ал бізді мамандыққа баулу жағына келсек, сол кісілерден көп нәрсе үйрендім. Үлкен мен кішінің қарым-қатынасы ең бірінші адами қатынастан басталады. Бүгінде бізден үйреніп жатқан жастар да баршылық. Мысалы, менің өзімнің хабар жүргізу стилім бар. Кейбір жігіттер маған ұқсағысы келіп жатады. Оларға «Мені айнытпай салудың қажеті жоқ, әр адамның өзіндік стилі қалыптасуы керек» – деп ескертемін. Бүгінде журналистика саласына кез келген адамның келетініне көңілім толмайды. Бұрын олай емес еді. Бұл үлкен жауапкершілік жүктейтін шығармашылық мамандық. Ал қазіргі журналистің көбі кітап оқымайды. Мен осыдан қорқамын. Кітап деген тек қана жазу стилінді қалыптастырмайды. Өмірге деген көзқарасыңды, журналист ретінде қалыптасуыңа көмегін тигізеді. «Жастарға көңілім толмайды», – деп айта беруге де болмайды. Өйткені қазіргі жастардың өз ерекшелігі бар. Біз мысалы, аға буынды, өзімізден үлкен кісіні көрсек, тосылып, тартыншақтап қалатынбыз. Ал қазіргі жастар өжет, алда жүргісі келеді. Сол жағы дұрыс деп ойлаймын.

Қазтуған деген атақты жырау айтқан екен «Айтарынды ашып айт, базынаңды басып айт» – деп. Бұл журналистке керек қасиет.

Ғалым ЕСЕНСАРИЕВ,
журналист

7 сөз

Алматылықтар Америкада емделуге 500 млн доллар жұмсайды

Бәрекелді!

Республикалық «Жас қазақ» газетінің Солтүстік Қазақстан және Ақмола облысындағы меншікті тілшісі Байқал Байәділов Ақмола облысы журналистері арасында ұйымдастырылған «Алтын қалам» байқауында жүлдегер атанды.

Сауалы Алтаның Жауабы

– «Дипломмен ауылға» жіберіліп жатқан жас мамандар берілетін субсидия көлемінің аздығын айтып шағымдануда. Бұл мәселе қалай шешіледі?

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ,
ұлттық экономика министрі:

– Біз ауылды дамыту үшін қабылданған бағдарламаларға «ақшаны қалай бөлсек» деген мәселені талқыладық. Сонда «алдымен инфрақұрылымды, әлде адам капиталын дамытсақ па?» – деген сұрақ туындады. Нәтижесінде

«Дипломмен ауылға» бағдарламасына басымдық береміз деп шештік. Себебі ол инфрақұрылымда жұмыс істейтін маман болмаса, оны дамытқаннан не пайда? Қазір қаржы министрлігіне 15 млрд теңгеге бюджеттік өтінім жасалды. Қателеспесем, дипломмен ауылға баратындарға 0,2 пайызбен берілді.

МАЗАСЫЗ МҮЙІС
ЖҚ
3
www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Өмірдің өзінен

БАЛАУСА ТАҒДЫР СЫНБАЙДЫ

ҚОРҚЫНЫШТЫ ТҮС

Буы бұрқырап тұрған ыстық суға кішкентай қызды тастай салды. Сәби шыр ете қалған. Ол ваннаның есігін жапты да, сыртқа шығып кетті. Құлынының шырқыраған дауысына қараған да жоқ. Тіпті, селк етпейді. Аяғын тапыл-тапыл басып жүрген сәбидің денесі қайнаған қара суда күйіп, еріп бара жатыр. Бұлдіршін жандал басымен ваннаның жиегіне жабысады. Бірақ шыға алмады. Екі қолының да терісі сыпырылып қалған. Қозға түскен құлындай шырқырап, от боп жанған денесін қайда қоярын білмей, мынау ыстық тозақтан құтыла алмай жанып жатыр. Ыстық су мен ыстық будың ортасында жанталасқан сәбиге көктен түсті ме, бір кезде қос қол келді де көтеріп алды.

Бұл – Аружанның жиі көретін түсі. Алты жастағы қыздың түн ұйқысын осы қорқынышты түс бөле береді. Күнде бір көрініс қайталанып, бала көңілін қардай жасытты. Бір күні таң алдында тағы да әлгі қайнаған суға балғын денесі еріп жатып, түсінен шошып оянып кетеді. Көз жасы өңірін жуып кеткен. Қасында жатқан әкесі қызын бас салып құшақтап, бауырына басты. «Не болды, қызым?» – деп еміренеді. Алты жастағы қызы жаман түс көргенін айтты. Күнде осы бір қорқынышты түстің мазалайтынын солқылдап жылап отырып жеткізді.

– Қызым, ол сенің түсің емес, өңінде болған – деді құшағындағы қызының көз жасын емірене сүйген әке.

– Қалай сонда? Мен сенің алдыңда аман-есен отырмын ғой. Күйген жоқпын – дейді таудай әкесінің бауырына басын тыққан қара қыз.

– Сен 1 жасыңда дәл түсіндегідей күйгенсің. Ваннада, ыстық суға түсіп кеттің.

– Қалай күйдім? Сен қайда болдың? Мені кім құтқарды? – деп Аружан басын көтеріп алды.

– Сені мен құтқардым. Жұмыстан келген бетім еді. Саған бірнеше мәрте ота жасаттым. Дәрігерлер жасанды тері көшірді. Көрер жарығын бар екен, құлыным!

– Анам ше? Ол да сол күні жұмыста болған ба?

Балалардың қолынан шыққан

– Жоқ, анаң үйде болған. Бірақ сен мазасын ала берген соң, жуынатын бөлмедегі ваннаға салып қойыпты. Сен краннан ыстық суды ашып жіберіп, күйіп қалыпсың.

– Анам сонда не істеген? Аяғын жаңа басқан, әлсіз, тынымсыз сәбиін қалай ваннаға салды екен? Қандай опасыз жан еді?!

– ?...

Әкесі үнсіз қалды. Бұл үнсіздік сәби көңілінде ұзақ сақталды. Әкесінің екі қолындағы білегіне дейінгі тыртықтың сырын кейін түсінгендей болды. «Әкемнің екі қолындағы тыртық – мені ваннадан көтеріп алғанда түскен күйік екен» – деді, терең ойға шомып кеткен қыз бір кезде.

ЖЕТІМ ЖҮРЕК

Содан бері он жылдай уақыт өткен. Аружан қазір 14 жаста. Алматыдағы №2 балалар үйінде тәрбиеленіп жатыр. Өзінен екі жас үлкен ағасы да осында. Әпкесі Диана студент.

– Біз жақсы отбасында туылдық. Әкем бар кезде бәрі тамаша еді – деп бастады Аружан әңгімесін. Денесі нәзік, талдырмаш қара қыз журналистердің келе жатқанын апайларынан естісе керек, бізді есік көзінен қарсы алды. «Сәлематсыздар ма?» – деп тап таза қазақша амандасты. Ішке кірдік. Дәлізде 7-8 бала теледидар көріп отыр екен. Бәрі бір тегіс орындарынан тұрып, жүгіріп-жүгіріп келіп «ассалаумаликум» деп қолымызды алып жатыр. Арасында орыс балалар да бар. Қазақша аман-сәлем бергеніне газетіміздің сайт нұсқасының модераторы Руслан Достаев дән риза. Бір орыс бала онымен аттас болып шықты. «Мен де Русланмын» – деп әзілдеп жатыр.

Мекеме басшысының орынбасары Рахия ханым келгенше балалардың болашақ арманын, жоспар-мақсатын сұрап жатырмыз. Тағдырдың жазуына мойын ұсынған соң ба, мұндағы балалардың көбі болашақтан үмітсіз көрінді. Үлкен арман, ұлы мақсатын байқай алмадық. Айтатыны – мұнда барлық жағдай жасалған, ешқайда кеткіміз келмейді – дейді. Бары сол ғана. Көздері нұрсыз көрінді. Кісіге тік қарай алмайды, жанарын тайдырып әкете береді...

БЕЗБҮЙРЕК АНА

Аружаннан анасы туралы көп сұрадық. «Оның атын аузыма алғым келмейді. Есіме салмаңызшы!» – деп өзімізге тік қадалды. Әкесі туралы естелік айтудан шаршамайды екен.

– Біз әкеміздің екінші әйелінен боламыз. Алғашқы әйелінен бір бала бар. Оның аты – Әлібек еді. Әкем бірінші әйелінен ажырасқан соң, біздің анамызбен тұрды. Кейін анам екеуі де отаса алмай, әкем бізді алып бөлек шығып кетті. Әлібек ағам да бізбен бірге тұрды. Өз анасының жанында қалғысы келмепті. Ол кезде біз өте бақытты едік! Әкем бізді үнемі қыдыртатын. Ағам да қамқор болды. Мен күйіп қалған соң, әкем маған ота жасатып, бәрімізді алып Астанаға көшіп кетті. Ол жақта да жақсы тұрдық. Мен мектепке барғанша сонда болдық. Мектепке баратын жылы жұмысына байланысты әкем бізді алып, Алматыға қайта оралдық. Анамызбен қайтадан бірге тұра бастадық.

– Ол аралықта анаң немен айналысты? – деп, анасы туралы алғашқы сұраққа қайта оралып жатырмыз.

– Анамның мені өмірге әкелгені болмаса, аналық парызын өтеген жоқ. Бір жасымда ваннаға қамап, ыстық суға күйдірді. Ол аздай бізді балам деп бауырына басқан емес. Өзінің жаны қалаған кәсіппен айналысты. Ақыры соның кесірінен түрмеге отырды.

– Қалай? – деп, таңданған қасымдағы әріптесімнің дауысы жарықшақтанып шығып кетті.

– Әкем бірінші әйелімен тұрып, бізге сырттай ғана көмектесіп жүргені үшін анам оған қатты ерегесетін. Бізге дұрыс қараған жоқ. Тәтемді де, ағамды да, мені де өзі туса да, баласындай жақсы көрмеді. Қит етсе, ұрып-соғатын. Әкем екеуінің де арасы жақсы болмады. Сөйтіп жүріп жаман жолға түсіп кетті.

– Жаман жол болғанда, ол қандай жол? Түрмеге не үшін отырды? – дедік біз.

– Қылмыс жасағаны үшін. Бірақ немен айналысқанын айта алмаймын – деді көңілі жабырқаған ол.

АНА МЕН ЕСІРТКІ

Аружан анасы жайында ешнәрсе айтқысы келмеген, бірақ сөз суыртпақтап отырып, біраз сырдың шетін шығарып алдық.

«Анам түн жарымында оралатын. Бірде удай мас болып келсе, бірде мүлде үйге қонбай қалатын. Біз оны іздеп шығып, көшеден, қаңғыбастардың арасынан табатын едік. Көп ішті. Неге ішетінін ол кезде түсінген жоқпыз. Ол ішіп алған кезде бізге көнбейді. Өзімізді ұрып, мазамызды әбден алды. «Сендердің әкелеріндi жек көремін. Сендер де құрып кетіңдер!» – деп балағаттап жүрді.

Кейін ол аяқ астынан қымбат киім киініп, сыланып-сыйпанып шыға келді. Оның қандай жұмыспен айналысып, ақшаны қайдан тапқанын білмей, біз аң-таң болдық та қалдық» – деп, әңгімесін бір үзді. Сонан соң: – Бізге, тіпті әкеме де қандай жұмыс істейтінін айтпаған-ды. Қалтасынан бума-бума ақша үзілмейді. Таныстары да, достары да аяқ астынан көбейіп шыға келді. Біз кішкентаймыз. Көп нәрсені түсіне бермейміз. Үйге біреу келіп, біреу кетіп жататын. «Туыстарын» – деп айтушы еді. Сөйтсек, анам есірткі сатумен айналысыпты. Есірткіні үйде сақтап, біздің көзімізше саудалап отырыпты. Әкемнің бізді алып кеткені де сол сияқты.

Үйде қонақ болып отырған әйелдер сол күні үйіне қайтқан жоқ. Түннің бір уағында шешем қасындағы әлгі құрбыларымен бірге ән айта бастады. Бөлмемнен шығып, залға кірсем, үш әйелдің қасында үш еркек отыр. Дастарханның үсті тәтті-дәмді, ас-суға толып кеткен. Кезек-кезек тост сөйлеп, арақ көтереді. Үш баланың ішіндегі кішісімін. Еркемін. Қарным ашқан соң, анамның қасына барып едім, ол мені итеріп жіберді. Жылай бастадым. Мұртты, Әйтпесе, қандай әке баласын анасынан айырсын?

Әкем бірінші әйелімен тұрып жүрген уақыт еді. Бір күні анам үйге екі әйелді ертіп келді. Сосын әлдебіреулерге қоңырау шалды. Арада жарты сағаттай уақыт өткенде, үйге жуан қап көтерген екі жігіт кіріп келді. Қаптан жаңа орған шөптің балауса иісі бұрқырайды. Біз қызықтап жүгіріп-жүгіріп барып едік. Анам бізді әлгі қапқа жақындатпай, жекіп тастады. Жігіттерге анам газетке оралған ақша берді. Олар есік көзінде тұрып әлгі ақшаны санады. Санап болғанша, біз де көз айырмай әлгі үшеуіне қарап тұрдық. Түрі қорқынышты екен.

Арада жиырма минут өткен жоқ, үйге тағы екі-үш кісі келді. Олар да есік көзінен қайтты. Бірақ әлгі үш қапты өзімен бірге әкетті. Анама қап-қара пакетке оралған бірдеме ұстатты. Ол біздің көзімізше ашқан жоқ. Өзінің бөлмесіне алып кіріп кетті.

қарыны жуан ағай мені құшақтап, бетімнен сүйіп, тәтті және торт, ақша бере бастады. Анам мас болып қалыпты. Бір қысық көз, арық кісінің құшағында отырып алып, орысша ән айтып жатты. Біресе күледі, біресе жылайды.

АНАНЫҢ АДАСУЫ

Диана ішіміздегі үлкеніміз. Анама «арақ ішпеші» – деп еді. Әлгі қасындағы қысық көз кісі Дианаңы құшақтап бетінен сүйді. Тәтем ашуланып, оны кеудесінен итеріп жіберді. Сөйтті де, ағам екеумізді ертіп бөлмеге кіріп, есікті іліп алды. Анамның достары қанша отырғанын білмеймін. Таңға дейін ән айтты. Ертесі түс кезінде оянсам, тәтем ыдыс-аяқты жуып жатыр. Анам үйде көрінбеді. Содан көп уақыт өткен жоқ. Бір күні сотталды да кетті.

– Анаң сотталғанда қасында болдыңдар ма? – деп сұрады мекеменің тәрбиешісі.

– Иә, ол күн әлі көз алдымда. Әкем де бар еді. Екі кештің арасы-тұғын. Әкем бізге мейрамханадан тамақ әкеліп, ағамның туған күнін атап өтуге дайындалып жатқанбыз. Анам күні бойы бір жақта болды да, сол уақытта ғана келген. Үйге кірді. Біздің жайнатып қойған дастарханымызға қарап, көзіне жас алды. Сосын ағамның бетінен сүйіп, туған күнімен құттықтады. Төрт көзіміз түгел дастарханға жайғастық. Алғашқы құттықтауды әкем сөйледі. Оның сөзін анам жалғады. Біз шапалақ ұрып, туған күн иесін құттықтап жатырмыз! Әлібек ағам да келген. Ол ағама ғана емес, маған да сыйлық жасады. Сөйтіп, бәріміз мәре-сәре болып отырғанда, есік қағылды. Диана жүгіріп барып ашты. Анам біртүрлі мазасызданып отырған. Есік ашылғанда, бізден бұрын сол қарғып тұрды.

Үйге сау етіп полицейлер кіріп келді. Мен қорқып, үстелдің астына кіріп кеттім. Анам сілейіп тұр. Ұзын бойлы бір кісі қолындағы қағазын әкеме көрсетті де, анамның қолын қайырып көзір салды. Бәрі біздің көз алдымызда болды. Екі сақшы үйдің ішін тінтіп, газетке оралған кірпіш сияқты үш зат тауып алды. Оның не екенін түсінген жоқпын. Әкем үнсіз, сілейіп орнына отырып қалды. Диана тәтем ғана полицейлердің қолына жабысып, шешемді босатындар деп жылады. Олар қыңқ еткен жоқ. Анамды алды да үйден шығып кетті. Туған күн де, басқасы да жайында қалды...

ӘКЕСІЗ ЖЕТІМ – ШЫН ЖЕТІМ

Көп өтпей, әкемнің жүрегі ауырып ауруханаға түсті. Ол жоқта біз қатты қиналдық. Мен 1-сыныпқа барған күзде әкем аяқ астынан жүрегі қайтадан ұстап, тағы да құлады. Сол жолы есін жимастан қайтыс болды. Дәрігерлер оған құятын қан жетпеді деп айтыпты. Анамыздың жоқтығы жетімдік емес екен. Әкеміз қайтқан күні біз шын жетімге айналдық. Әлібек ағам бізді өзі қамқорлығына алуға талпынып, құжатымызды жинап, жүгіріп көрді. Бірақ болмады. Оның үстіне сол жылы оның бүйрегі қатты ауырып, қайта-қайта ауруханаға түсіп қалып жүретін. Тапқан ақшасының бәрі дәрі-дәрмегінен аспайды екен. Әкемнің бірге туған қарындасы бар. Ол да осы Алматыда тұрады. Бізді балалар үйіне жібергісі келмеген. Алайда заң бойынша ол кісі де бізді асырай алмайтын болып шықты. Сөйтіп, жетімдер үйіне баруға тура келді.

– Анаң қанша жылға сотталды? – деп сұрадық. Қанаты қатая қойған қарлығаштың балапанындай қыздың көңілін бұзғымыз келмесе де, сұрақтың реті солай болды.

– Анам 7 жылға сотталды. Түрмеге де бардық. Тәтем мен ағам кірді. Мен шешемді көргім келмей, кездесуден бас тарттым. Ол кезде әкем тірі еді. Сол кісінің көңілі үшін барғам. Бірақ шешуші кезеңге келгенде көңілімдегі тоң жібімеді, шешемді кешіре алмадым. Сол үшін кездескім келмеді. Әлі де оның түрін көргім келмейді. Өйткені, ол біздің өмірімізді өксітті. Ақылы бар ана баласын қалай ғана жамандыққа қияды екен? Ал біздің шешеміз бір емес, үш баласының өмірімен ойнады. Ақшасыз болған жоқ. Әкем өмір сүруімізге жеткілікті қаражат тауып беретін. Бірақ шешем әкеме ерегесті ме, жаман жолға түсіп кетті. Ең соңында, міне, біздің өмірімізді мүлде басқа арнаға бұрып жіберді.

Анамыз аз уақыт бұрын түрмеден шығыпты. Естідік. Осында келді. Кездеспей қойдым. Бізді алып кеткісі келеді екен. Өзі қарайтынын, асырап-бағатынын айтыпты. Ағам мен тәтем кешірсе де, менің тас көңілім енді оған ешқашан жібімейді.

«ЖУРНАЛИСТЕРГЕ СҰХБАТ БЕРГІМ КЕЛМЕЙДІ»

Біздің бір байқағанымыз, мұндағы тәрбиеленушілердің ешқайсысы журналистермен кездесуге, сұхбат беруге құлықсыз екен. Себебін сұрадық. Мекеме директорының орынбасары Рахия ханым оны былай түсіндірді.

– Мұнда журналистер көп келеді. Кеше ғана бір телеарнадан келіп, балаларды түсіріп кетті. Айтқысы келмейтін, жүрегіне жара салған шындықты білгісі келеді әріптестеріңіз. Ал ондай шындық біздің балалардың жанын жаралайды. Біреу анасын жақсы көреді. Біреу жақындарын көргісі келмейді. Әр бала әртүрлі. Оны журналистер түсіне бермейді. Бір келгенде бәрін сұрап білгісі, айтқызып, жазып алғысы келіп, сұрақтың астына алып жатқандары. Бұлар содан мезі болған. Оның үстіне бұл балалар мектептегі сыныптастарынан ұялады. Солардың телеарнадан көріп қалғанын қаламайды. Бізде кейбір балалар мектеп түгілі, жоғары оқу орнын бітіргенше ешкімге ешнәрсе білдірмей жатады. Өйткені, бұл жеке басының шаруасы. «Балалар үйінен шыққан» – деген сөзді естігісі келмейді. «Жетім екен» – деп мүсіркегенді қаламайды. Бәрі шетінен намысты. Өйткені, өмір бұларды әбден қатайтып жіберген.

Тағдырдың ауыр сынына түсіп, сынып кетпеген, адам қолынан жасалған қиянатқа мойымаған, балалықтың бал дәмін сезінбей өскен, жігері ерте қатайған ұл-қыздардың өмірінен жасалған зерттеуімізді газетіміздің алдағы санында жалғастырамыз.

Ата-анасы бола тұра, перзентханада өлдіге саналған Айдардың өмірі туралы ақиқат ешкімді де бей-жай қалдырмасы анық. Ал

шыққан тегін білмейтін, балалар үйінде тәрбиеленген Даниярдың тағдыр жолы, тіпті басқаша. Оның жетімдер үйінде үйлену тойын жасап, көптің жүрегін қуанышқа бөлегені – аңызға бергісіз әңгіме. Екі кейіпкердің өмірінен жазылған тағдырлы мақаланы газетіміздің алдағы сандарынан оқисыздар!

Жарас КЕМЕЛЖАН

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Түйткіл

БУРАБАЙДА БІТЕЛГЕН БҰЛАҚ КӨП

Шашақты найза секілді мәңгі жасыл қарағайлар көмкерген тау етегінде ойдым-ойдым қайың шоқтары да көп. Топ қайыңның алқымындағы жасыл шалғынның сөлі қашқандай. Тасты-құмды өңірдің ылғалы кем. Қара қарғаның миы қайнайтын шілде тумай-ақ кенезесі кепкен сыңайы бар. Дәл бұрынғыдай Бурабайдың баурайынан сансыз бұлақ сабылып ағып жатпағандықтан шығар-ау.

Етектегі Айнакөл де томаға-тұйық. Су беті қарауытып тұрғандай. Жағалаудан қашып барып құрықтастам жерде жығылған айдынның жыл сайын кеміп келе жатқаны өз алдына. Мұның жалғыз-ақ себебі бар, бағзы замандағы бұрқырап аққан бұлақ түгелге жуық тартылған, көзі бітелген.

Айнакөлге зер салып қарасаң, аппақ айдыны тілім-тілім. Әсірелеп айтқанда, көл ортасына дейін кішкентай баланың құшағы жетер-жетпес темір діңгектер орнатылған. Темір діңгектердің ортасы темір тормен бекітілген. Яғни жекеменшік. Балдырға балтырыңды қанатып қорыста жүрсең, қорыстан жеріп асты құм қайрақты айдынға байқамай шығып кетсең, меншік иесі желкенді үзеді.

Су екеш суға дейін қылдай бөліп меншіктеп алған. Олар да өз тілімінің тұнықтығын ойлайды. Бірақ тұтас көлдің тағдыры ешқайсысын елеңдетіп отырған жоқ.

«Су атасы – бұлақ» деген сөзді халық текке айтпағаны анық. Үлкен өзен мен көлдің бәрі де осы жер қойнауынан шымырлап шығып, жылғалармен жол салып ағып, өзен-көлге құйылып жататын бұлақтардан бастау алады. Жаздың қайнаған ыстығында суықтығы тіс жарардай бұлақтың суын сіміргенде, шөлің қанып, жан сарайың да жадырап сала беретіні бар. Сондайда, табиғаттың осы таңғажайып құбылысына таңдайыңды қаға тамсанасың.

Бурабай өңірі бұлаққа бай және ғалымдар тарапынан жете зерттеле қоймаған аймақ. Щучье-Бурабай демалыс аймағына жыл өткен сайын келіп демалатын адамдардың саны және соған орай, салынып жатқан құрылыстар қатары да рабайсыз көбейіп барады. Осыған орай су қорларын пайдалану қарқыны молайып, мұның өзі бұл төңіректегі көлдердің суының тартылуына қатты әсерін тигізіп отыр. Бурабай аймағындағы көлдердің суы таудан аққан қар суымен бірге, жер астынан шығатын бұлақтардың суымен де толығады. Бұлақ біткен бұғауланды, көзі жабылды. Бұған негізінен адамдардың қоршаған ортаға жанашырлықпен қарамауы әсерін тигізуде, деп санайды Қазақ орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Владимир Архипов. Бурабай өңірінде туып-өскен, бар өмірін осы өлкеде өткізіп келе жатқан ғалымның айтқанына құлақ салсаң, адам деп аталатын екі аяқты пенденің өзі табиғат-анаға жасап жатқан қиянаты мен қысастығына қаныға түскендей боласың.

Бұлақты ағу қарқыны мен бағдарына қарай маусымдық және ырғақты, – деп бөледі екен ғалымдар. Бұлақтың осындай ағу тәртібі Бурабай өңірінде анық байқалады. Владимир Алексеевич айтады «Бурабай орман шаруашылығы техникумында оқып жүрген студент кезімізде оқытушыларымыз орманға апарып сабақ өткізетін. Орман ішімен Бурабай, Қатаркөл, Қылшықты көлдеріне жаяу баратынбыз. Ұстаздарымыз жол-жөнекей бізге осы көлдердегі тіршілік пен оның ерекшелігі жайлы жан-жақты әңгімелеп береді. Осыдан 30 жылдай бұрынғы сол біздің студент күнімізде осы аумақта қадам басқан сайын тау-тастың арасынан шымырлап шығып, жылға-жылғаны қуып ағып жататын бұлақ өте көп болатын. Ал бүгінде сол бұлақтың көбі тартылып, мүлдем жоғалып кетті».

Ертеректе осы өңірде қызмет етіп, ғылыми-зерттеу жүргізген Г.Лаптев сияқты ғалымдар Бурабай өңірінің ерекшелігін көзі жабылып, әлдеқашан тартылып қалған.

Бұлақтың тірлігі көбіне адамға тәуелді. Өкінішке қарай, оны адамдар онша ұғына қоймайды. Осы өңірде тұратындардың айтуынша, ертеректе туберкулезге қарсы диспансер орналасқан маңайда екі бұлақ болған. Щучинск қаласының тұрғындары осы бұлақтардан су алып, үнемі пайдаланып жүрген. Міне, сол бұлақтарды қала басшыларының нұсқауымен бульдозермен аршып, тазартпақ болады. Тереннен жол тауып шығып жатқан қайнар көзі шынжыр табанды трактормен тапталған соң-ақ бітеліп, мүлдем тоқтап қалады. Осылайша, біз сол тамаша бұлақтарды өз қолымызбен құртып тындық.

Щучье-Бурабай жолының бойында да дәмі тіл үйірер бір бұлақ болған екен. Жолмен өткен жолаушылар да, демалушылар да осы бұлақ суынан дәм татпай кетпейтін. Оның жанына адамдар отыратын ағаштан әсемдеп жасаған сая орнатып, сәкілер де қойылған. Бірақ бірнеше жыл бұрын әлдекімнің басына бір тамаша ой келіп, осы бұлақтың үстіне бетоннан ұстын орнатпақ болыпты. Осы темірбетон қабырға орнатылған соң-ақ, ауыр салмақ басқандықтан болар, бұлақ суы тоқтады да қалады. Щучье қаласының маңындағы тас кеніштеріндегі жарылыстар да көптеген бұлақтардың құрып кетуіне әсерін тигізгені анық.

Бұлақ – бұл жәй ғана су көзі емес, ол біздің табиғатымыздың ажырамас құрамдас бөлшегі. Өзен-көлдің қайнар көзі, өсімдік пен жануар әлемінің сақтаушысы. Бурабай өңіріндегі бұлақтар қазір қамқорлыққа аса мұқтаж. Жоғалып кеткен бұлақтың аумағын тазартып, қамқорлыққа алса, оның көзі қайта ашылар еді. Қазақ «бұлақ көрсең, көзін аш» деп тектен-текке айтпаған ғой. Бұлақ көзі ашылса, жылдан-жылға тартылып бара жатқан Бурабай аймағындағы өзен-көлдің суы да толығып, оның қоршаған ортаға тигізер игі әсерінің болары сөзсіз.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Көкшетау

Ақжолтай

Қазақта «Көл оралады» деген сөз бар.
Арал оралды.
Балқаш оралды.
Қарасор да оралды...

Осыдан жүз жыл бұрын, анығырағы 1912 жылы орыс географиялық қоғамының сарапшылары «Қарасор тартылып барады» деп дабыл қаққан екен. Қарасор әу баста Қаракөл аталса керек. Қысы-жазы қатпайтын болғандықтан, жылымына мал кетеді екен. Сол тұстағы атақты жылқылы бай Лекербайдың жеті мың жылқысы осы сорға жұтылыпты. Сөйткен Қарасордың балшығы шипалы болып шықты. Қарағанды төңірегіндегі шипажайлардың барлығы да осы Қарасордың батпағын пайдаланады.

КӨЛ ОРАЛАДЫ

Қарасордың көлемі қырық бес шақырымды құрайды. Негізінен, екіге бөлініп қалған ба дейсің? Өйткені көлдің екінші жағы Аққөл аталады. Күні кешеге дейін екеуі екі көл аталып келді. Қаракөл, Аққөл деп...

1964 жылы осы өңірге жақын жерден қорғасынға, басқа да түсті металға бай Қарағайлы кен орны табылды. Шалғай жатқан жерден кен өндіру, әрине, айтарлықтай шығындар әкелетін еді. Соған орай Қарағандыдан шойын жол тарту ойластырылады. Оның өзінде жолдың қысқасы таңдалады. Солайынша, бұрынғы тартылған Қарасордың сорабына теміржол табаны түседі. Сол тұста ауылдың абыз қариялары «көл оралады, сонда салып жатқан жолдарың су астына кетеді» деп ескертсе де, жол құрылысшылары жұмыстарын жалғастыра береді. Сол кезде Қарасордың жағалауы жолдан кемі екі жүз метр алыс жатқан болатын. Ал жолдың екінші жағы таза еді.

Обалы нешік, жол ел экономикасын арттырды, халықтың тұрмыстық ахуалын айтарлықтай жақсартты. Малдан тапқан нәпақасын ел шойын жолдан айыратын болды. Мыңдаған адам өз өмірлерін шойын жолмен байланыстырды.

Кейінгі екі жылда Арқада қатарынан қызылсу жүргені белгілі. Көл арнасынан ауып, шойын жолға жақындай түскен. Ел тіксініп қалғанымен тосын уақиғалар бола қоймас деп сенген. Қалай дегенде шойын жол әскери құрамаға жатады ғой деп арқаларын кеңге салған.

Жоқ, олай болмады. Баяғы абыз қариялардың айтқаны келді де қалды. Көл оралды. Ел қызылсудан көргенмен, қариялар жағының жоғарыдағыдай пайымдары да ел есіне түскен.

Сәуір айы туысымен-ақ елдің көңіліне алаң кірген. Судың таситыны білініп-ақ қалған. Қатпайды деген Қаракөл тобарсысын. Кешегі абыз қариялардың өзі кеткендерімен көзі қалған. Солар айтты, бұл қызылсу емес, көл оралып жатыр деп.

Облысқа жаңа ғана әкім болып тағайындалған Ерлан Қошановтың өмірі осылайша ұйқысыз-күлкісіз түн мен күндерге оранып кете барды. Уақытының тапшылығына қарамастан, айтып отырған Қарасорға тіқұшақпен ұшып барып, жағдайды өз көзімен көрді. Жер үстінен кемі 4-5 метр биік жатқан шойын жол су астына кете барды. Жолдың алты шақырымы су астына кетіп, көлік байланысы үзіліп қалды. Бұл сәуір айының 21 күні болатын.

Күндіз-түні ауыр құрамалары ағылып жататын өңірде құлаққа ұрған танадай тыныштық келді. Жол негізінен жүк тасымалымен шұғылданатын. Оның ішінде, «Қазақмыс», «Алтайполиметалл», «Кентөбе» сынды алпауыт кен орындарының өнімі осы жолмен бұрынғы ТМД елдеріне, сондай-ақ шетелге асатын.

Осы ауыртпалық кезеңде «Қазақмыстан» басқасы өз жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болған. Өйткені айдау жолмен кен тасымалдау экономикалық жағынан тиімсіз болды. Соған байланысты жүздеген адам мәжбүрлі ақысыз демалысқа кетті. Ал «Қазақмыс» болса, бесінші разъезде тиеу-түсіру бекетін ұйымдастырып, өз жұмысын жалғастырып жатты. Кәсіпорынның жиырма тонналық КамАЗ-дары жер танабын қуырып, жер құнарының құйқасын тіліп жатты.

Жағдайдың бұлайша қалыптасуы елдің бәрін ойландырған. Әрине, қайткенде жолды қалпына келтіру керек. Оның өзінде қысқа мерзім ішінде. Теміржолдың өз құрылысшы мамандары, сарапшылары жеткілікті. Жолды қалпына келтіру бойынша бірнеше жобалар түскен. Ел пікірі екіге бөлінген, бірінші тобы айналма жол салайық десе, екінші тобы бұрынғысын қалпына келтірейік десін. Бірінші топ пікірінің жаны бар болғанымен, оған қыруар қаржы, уақыт керек. Бюджетте ондай қаржының жоқтығы белгілі. Екінші топтың пікірі де шет емес. Өйткені миллиондаған сома үнемделеді, уақыт жағынан да ұтады.

Енді мойынға жауапкершілік алу керек еді. Ең қиыны осы еді.

Соны ала алды. Біздің жігіттер...

«ҚТЖ ҰК» Магистральды жүйе әкімшілігі» АҚ филиалының директоры Жарас Ізғұлов, жасанды құрылыстар және жолдар департаментінің директоры Аманқос Баймағанбетов, магистральді жүйе Қарағанды бөлімшесінің директоры Айдос Майқыбеков, «ҚТЖ ҰК» Қарағанды жүк тасымалы филиалының директоры Данияр Жәмиев, Ақадыр машиналандырылған жол дистанциясының директоры Нәзір Қосубаев және басқалары тәуекел деп тас жұтып, Қарасорды белуардан кешіп бара жатты. Бүкіл шойын жолдық асар басталған. Алып техникалар, адам күштері бүкіл Қазақстаннан ағылған. Жұмысқа 250-ден астам адам тартылды. Олар вахталық әдіспен күндіз-түні жұмыс істеді. 45 шақырымдық Қарасордың алып толқындары төсеген қайрақ тастарын тас-талқан етіп, шайып кетіп жатты. Салдары суға да кеткендей болып көрінген. Алайда адамнан айла қалған ба?! Соққы алғыш қондырғылар ойлап тауып, сол асау толқындарды да жуасытқан. Алматы, Қарағанды, Көкшетау, Атбасар, Ақадыр теміржолшылары бір отбасының адамдарындай тату тұрып, жұмысты өрге жүргізді. Қасиетті Рамазан айты күні екі ай бес күнгі үзілістен кейін Қарағанды-Қарағайлы жолы өз жұмысын қайтып бастады. Сайын далада гудок үні аңырады. Алғашқы жүк пойызы 60 вагон Қарағайлы кенін тиеп алып Қарағандыны бетке алды...

1984 жылмен салыстырғанда, Қарасор көлі 5 метр биіктікке көтерілген екен. Оның одан әрі көтеріле түсетіні айтпаса да түсінікті. Олай болса жұмыс та тоқтамайды. Жолды әлі 30 см көтеру, жаға жолды кеңейту жұмыстары жүргізілмек.

Сонымен, көлдің оралатынына көзіміз жеткендей болды-ау.

Қарасор көлі оралды...
Суға кеткен жолымыз оралды...

Төрехан МАЙБАС,
Қарағанды

QOĞAM ЖҚ 5
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Сауалы Алаңның Жауабы

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр:

– Мамыр айында Алакөл демалыс орындары қонақ қабылдауға дайын емес деген едіңіз. Қазіргі жағдайы қалай?

Даниал АХМЕТОВ,
Шығыс Қазақстан облысының әкімі:

– Биыл Алакөл көлі аумағында туристік кластерді дамытуға 2 млрд теңге бөлінді. Мен Алакөлге екі рет барып, өзім тексердім. Ол жерде 140 нысан бар. Инфрақұрылым жасауға 550 млн теңге қаражат бөлінген. Абаттандыру жұмысын жүргіздік. Енді барлығы өзгеше. Қазір 147 нысанның 82-сі дайын. Ал 38-де жұмыс жүргізілуде. Өкінішке қарай, 24 нысанда ешқандай жұмыс жасалып жатқан жоқ. Бүгінгі күнге дейін дайын болмаған нысандарға кәсіпкерлікпен айналысуға рұқсат берілмейді.

Лебіз

Тәуелсіздік жылдарында байтақ қазақ даласының барлық өңірінде ата дінімізді ұлықтау мақсатында көптеген мешіт салына бастады. Бұл халқымыздың ынтымағы мен береке-бірлігінің айғағы, дінге деген ықыласының көрінісі еді. Алла үйлерінің бой көтеруі бірінші кезекте Елбасының ата дінімізге жасап отырған қамқорлығының арқасы. Сондықтан, еліміздегі ұйыған татулық пен береке үшін сансыз шүкір айтуымыз керек. Асыл дінімізге қолдау көрсету – біздің елдік парызымыз.

Сондай игі-шараның бастамашысы болған Аскар Құлыбаев биыл 80 жасқа толып отыр. Мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Осынау мәртебелі белеске үлкен абыроймен жеткен дана, дара қарияны бүгінде жұртшылық білімді де білікті тұлға, еліне еңбегі сіңген мемлекет және қоғам қайраткері ретінде қадір тұтады.

Өмір жолында көптеген жемісті қызмет атқарып, мемлекеттің дамуына, әлеуетіміздің көтерілуіне ерекше үлес қосты. Халқымызда «Жақсының

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАНЫ ҚҰМАР

аты өлмейді» деген сөз бар. А.Алтынбекұлының еңбексүйгіштігі мен қарапайымдылығы, ерен еңбегі кейінгі толқын жастарға, әріптестеріне әрқашан үлгі-өнеге, дара жолы өшпейтін естелік болып қалмақ.

Асқар Алтынбекұлының атқарған қызметтерінің нәтижесіне көпшілік қауым ризашылығын білдіріп, жақсылығын еш ұмытпай, әрдайым жоғары бағасын беріп, мерейін асқақтатып отыратыны анық. Қолдан келген көмектен бас тартпайтын жанашырлығы мен жомарттығының арқасында Отырар ауданында 1000 орындықты «Арыстанбаб» мешітінің ірге тасын қалады. Бұл нағыз ердің ерінің, азаматтың асылының ғана қолынан келетін шаруа.

Адамгершілікке шақырып, ізгілікке үндейтін мешіт санының артуы дінмен бірге қоғамның да діңгегін нығайтады. Құлшылық жасауға, діни сауат ашуға қазіргі уақытта барлық азамат құқылы. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт, тыныш заманда өмір сүріп жатырмыз. Бай-қуатты адам көбейсе, елге құт қонғаны, мешіт көбейсе, дініміздің діңгегі нығайғаны деп білеміз.

Бүгінде Асқар Алтынбекұлының ықпалымен бой көтерген «Арыстанбаб» мешітінде 20-дан астам шәкірт білім алып, діни сауаттылығын арттыруда. Осындай сауапты іс атқарған азаматқа Отырар ауданы тұрғындары дән-риза. Қасиетті мекенде бұл мешіттің бой көтеріп, халыққа қызмет жасауы келушілердің әрдайым көңілінен шығуда. Сондай-ақ зиярат жасаушыларға арнап, мешіт аумағында салынған төрт жұлдызды 100 орындықты қонақүй, дәмді асхана мен қымызхана халқымызды тек қуанышқа бөлеп, игі ісімен бізді жақсылыққа бастауда.

Отырар ауданында ғана емес, ел көлемінде көпшілік үшін рухани орталық, тәрбие ордасы болып саналатын көптеген мешіт құрылысын салып, имани тіршілік жасап жүрген азаматты халық жақсы біледі. Жақсы көреді. Еселі еңбек пен қызмет мемлекет тарапынан және көрші мемлекеттер жағынан ерекше бағаланып, көптеген марапат мен медаль табысталған. Оның барлығы да ел игілігі үшін сіңірген еселі бейнеттің қайтқаны, еңбектің жанғаны деп білеміз. Асқар Алтынбекұлының ел болашағына бергенінен берері әлі де көп.

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы тұрғындарының осындай ізгі тілегі мен ниетін жеткізуді жөн көрдім.

Айтан СӘЛІМ

Мәселе

Осы аптадағы үкімет отырысында сөз сөйлеген Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев туризмді дамыту үшін миграциялық тіркеу мәселесін шешу қажеттігін айтты.

ТУРИЗМ ТІРКЕУДЕН БАСТАЛАДЫ

Өңір басшысы «Елбасымыздың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласы аясында үкіметтің ұсынып отырған туризм бойынша жаңа бағдарламасы, тұжырымдамасы дер кезінде жасалған үлкен қадам деп есептейміз. Бұл елімізді бүкіл дүниеге танытуда, қазіргі таңда әсіресе, ЕХРО өтіп жатқанда үлкен мүмкіндік береді», – деп туризмді дамыту үшін өңірде жасалып жатқан шаруаға тоқталды.

Әкімнің айтуынша, миграциялық тіркеу – біраз жылдан бері туристер үшін күрмеуі шешілмей келе жатқан мәселенің бірі. Саяхатшылар тарапынан бұл түйткілге қатысты шағым көп түсіпті. Осыған орай, Ж.Түймебаев «Әсіресе, түнгі 2-3-терде немесе жарты сағат қалғанда алып кетіп, қамап қою мәселесі туристі өте шошытады. Сондықтан да «Театр киім илгіштен басталады» – дегендей, мемлекет әуежайдан, теміржол вокзалынан, сол жердегі кеден шекарашысынан басталады», – деді. Әкімнің пікірінше, егер де осы мәселе реттелсе, туризмді дамытуға үлкен көмек болмақ.

Маман пікірі

Дамыған елдерде журналист бір салаға маманданады. Елімізде де осы жұмысты қолға алу керек. Астанада өткен XIV Еуразия Медиа Форумы кезінде ұйымдастыру комитетінің мүшесі, «Жас қазақ» газетінің Бас редакторы Срайыл Смайыл Baq.kz тілшісіне берген сұхбатында осылай деді.

БІЗГЕ КЕРЕГІ САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Белгілі журналист С.Смайыл «Отандық журналистика ғаламдық медиа қауымдастықтың мүшесіне айналып барады. Яғни сол ғаламдық медиа қауымдастықтың бір құрамдас бөлігі болғандықтан, қауымдастықтың талаптарына жауап беруі тиіс. Ол қалай? Ол ғаламдық журналистиканың стандартымен жұмыс істей алатын дәрежеге жетуі керек. Бұл ретте, журналист ретінде айтар едім, бізде әлемнің алдыңғы қатарлы елдегі журналистиканың ең басты ерекшелігінің бірі – белгілі бір салаға мамандануында. Біреуі жасыл энергетика, біреуі саясат, біреуі технология бойынша сіздің кез келген сұрағыңызға жауап бере алады. Осы тұрғыдан, ЕАМФ біздің журналистерге ең бірінші кезекте мамандануына септігін тигізеді деп ойлаймын», – деді.

Байқау

«ҮРКЕР» ҮЗДІКТЕРІ

Астанада баспа, радио және интернет журналистика саласына арналған тұңғыш ұлттық «Үркер» сыйлығының жеңімпаздары анықталды. Жүлде қоры – 15 млн теңге.

Отандық журналистерге арналған алғашқы ұлттық сыйлықты беру рәсімін ақпарат және коммуникациялар министрлігі мен «Қазконтент» АҚ ұйымдастырды. 15 аталым бойынша өткен байқауда үздіктер қатарында қазақ журналистикасының жанпозы Жанболат Ауыпбаев пен республикалық «Айқын» басылымы да бар. Жеңімпаз әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз. Жазар көбейсін!



Түу...Туризм!
(1 тәулік – орташа баға)
(хикая)



Дерекқөз: Internet

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жиын

Мемлекеттік қызметкердің басты мақсаты – ұлтына қалтқысыз еңбек ету. Алматыда мемлекеттік қызметшілер күніне орай «Кәсіби мемлекеттік аппарат заманауи және табысты Қазақстанның негізі ретінде» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиын Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті, «Қоғамдық жоба» мекемесінің ұйымдастыруымен жүзеге асты. Сондай-ақ басқосуға мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, кәсіпорын өкілдері мен журналистер қатысты.

ЕЛ МҮДДЕСІ ҮШІН АДАЛ ЕҢБЕК

Жиын Алматы қаласы ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Ерболатұлының алғы сөзімен басталды. Басқарма басшысы «2015 жылдан бері «Мемлекеттік қызметшілер күні» жаңа форматта атап өтіліп келеді. Жылда жалғасын тауып жатқан бұл жиындарда қатысушылар баяндамасын оқып, пікір алмасып, ұсынысын айтады. Кез келген мемлекеттік қызметкердің міндеті – халық үшін адал еңбек ету. Сонымен қатар Елбасымыздың 5 институционалдық реформасының 100 нақты қадамында айтылған дамудың жаңа жолына түсіп, мемлекеттік қызмет сапасын көтеру басты мақсатымыздың бірі. Мұндағы тапсырма мемлекеттік қызметкерлерді дербес болуға үйретіп, кәсіби біліктілігін арттыру» – деп атап өтті.

Ал мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Шынарай Әлімхан «Мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау – бізге тапсырылған негізгі міндет. Кәсіби деңгейі жоғары мемлекеттік қызметкер – еліміздің негізгі қозғаушы күші. Қазіргі уақытта жаңа заңға енгізілген өзгерістерді жүзеге асыруға дайындық жүргізілуде. Мемлекеттік реформаларды халыққа түсіндіру жұмысында мемлекеттік қызметкер озық әрі білімді болуы тиіс. Сондай-ақ кәсіби өсіп, дамуы қажет», – деп мемлекеттік қызметкердің міндетін де саралап берді. Одан бөлек, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жетістікпен қоса, кемшілік те айтылмай қалмады. Аттестациялау нәтижесінің қорытындысына тоқталып, мемлекеттік қызметкердің сынақты жақсы тапсырғанын, көрсеткіштің жоғары болғанын баяндады. Ш.Әлімхан «Әр мемлекеттік қызметкер конкурстан өтуі шарт. Байқау әділ әрі ашық өтеді. Оны қоғамдық кеңес мүшелері бақылауда ұстайды» – деп жарыстың әр кезеңін жеке-жеке түсіндіріп, жүйелей түсті.

Сондай-ақ жиын барысында сөз алған «Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің хатшысы Алтынай Көбеева «Мемлекеттік қызметкердің кәсіби құзыреттілігі, жоғары жеке және адамгершіліктік сапасы – мемлекеттік қызмет беделінің және тұрғындар сенімінің басты факторы» тақырыбында баяндама жасап, мәселені тереңірек ашып берді. Ол өзінің ойын айқын жеткізіп қана қоймай, санадағы сан түрлі сауалын да қойды. «Мемлекеттік қызметкерлердің халық пен өзара қарым-қатынасы қандай? Екі ортада диалог бар ма?», – деген сауалды ортаға тастады. «Мемлекеттік қызметкер өз міндетін толық білуі тиіс. Сондай-ақ жұртпен әрдайым байланыс орнатып, қоғамдық пікірді қадағалай алуы шарт. Мемлекеттік жұмыс – жауапкершілігі мол қызмет! Олар тек орындаушы емес, жағдайды сараптай алатын менеджер бола алып, білімі, сауаттылығы жағынан өз лауазымына лайық жұмыс жасауы шарт. Оларға қойылар талапта күн өткен сайын артып келеді», – деп өз ойын қорытындылады Алтынай Орманқалиқызы.

Алматы аумақтық мемлекеттік қызметкерлерді оқыту орталығының директоры Әбікен Тоқтыбековтің айтуынша, оңтүстік өңіріміздің астанасында арнайы мемлекеттік қызметкерді оқыту орталығы бар.

«Кез келген мемлекеттік қызметкер әлемдік тәжірибелік ғылымға лайық болуы тиіс. Ал біздікілер аттестациядан өту барысында тек жеке бас құзыреті бойынша ғана тапсырады. Кәсіби дегеніміз – бұл әлемдік тәжірибе мен теорияны ұштастыра алу. Арнайы оқу орталығын бітіру. Одан бөлек, ғылымды меңгеру. Ал мұны аяқтамағандар тек тәжірибелі маман болып саналады. Бәсекеге қабілетті бола алмайды» – дейді Ә.Әбілұлы. Жалпы оның айтуынша, басшылық қызмет – ақыл – ой еңбегі. Білімді қызметкердің кез келген мәселеден, жағдайдан жеңіл шыға алатыны да шындық.

Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі, заң ғылымдарының докторы Кәкімжан Мұратжанұлы мемлекеттік қызмет пен қызметкерлер жайлы жазылып, қорғалған диссертациялық жұмыстардың іс жүзінде қолданылмай жатқанына алаңдаушылық білдірді. «Біздің шәкірттеріміз жыл сайын өте маңызды тақырыптарда ғылыми жұмыс жазады. Шетелдік мемлекеттік қызмет жүйесін зерттеп, тың пікірін, ұсынысын айтады. Бір өкініштісі, олардың жұмысы шаң басып кітапханаларда сақталып тұр. Тәжірибе жүзінде пайдалана алмай жүрміз» деп осы мәселеге назар аударуын сұрады. Сөз соңында жалақыны жоғарылату жайында өз ұсынысын айтты.

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Алмажан Жулаева «Университеттік білім беру процесі, кәсіби мемлекеттік қызметкерлерді қабылдау жүйесінде» атты баяндамасында кәсіби маманның қандай болу керектігіне кеңінен тоқталды. «Кәсібилік дегеніміз – мектептен бастап мамандығымыз бойынша оқу оқып, мақсатымыз жолында жеткен жетістігіміз. Кәсіби маман болудың екі негізі бар. Олар тиімділік және жоғары мотивация. Жұмыс барысында қызметкердің белсенді, жігерлі болғаны дұрыс. Нағыз маман даярлайтын орын бұл – жоғары оқу орны. Қазіргі таңда қолға алынған жүйе – біліктілікті арттыру. Тигізер пайдасы да көп. Бірін айтар болсам, студенттердің шетелдік тағылымдамадан өтуі. Сондай-ақ жан-жақты дамып, креативті ойлай алуы қажет. Біз өзіміздің шәкірттерімізден нағыз маман шығару үшін көбінесе тәжірибе жинауға түрлі жұмыс орындарына жіберіп отырамыз», – деді А.Мударисқызы.

«Қоғамдық жоба мекемесі» қоғамдық бірлестігінің басшысы Александр Братенков «Кез келген Қазақстан азаматы өзінің мүмкіндігін тиімді пайдалана алып жатыр. Еліміздегі мемлекеттік қызметкерлер жеткілікті деңгейде кәсіби маман. Олар кәсіби маман болуымен қатар, ұжымына сыйлы бола алуы керек. Осы орайда «жалақының әділ болуы қолға алынса» деген тілек бар. Себебі толықтай күн тәртібіне бағынатын, адал қызметшілер көп. Ал ешбір тірлік істемей бос отыратындар да жетерлік. Жасаған жұмыс екі түрлі болғанымен, алар айлығы бір. Бұдан бөлек, оның талпынысын, жұмысына деген құлшынысын, қызығын жоғалтуға да ықпал етеді», – дейді.

Бұл оның «Тиімді мемлекеттік қызмет Елбасының 5 институционалдық реформасын іске асырудың басты шешуші факторы ретінде» атты жұмысында көтерілген мәселе.

Дөңгелек үстел барысында 6 баяндама оқылды. Соңында қатысушылар пікір алмасып, бір-біріне сұрақ қойды. Оған тиісті жауап та берілді.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Біздің сұхбат

Діни экстремизм, терроризм қоғам үшін қауіпті. Оның алдын алу бүгінгі күннің басты мәселесі. Осы орайда Алматы қаласы дін істері жөніндегі басқармасының «Сараптама және зерттеу орталығының» бөлім басшысы Тұрсын Құдайқұловпен сұхбаттастық. Еліміздің алып шаһары саналатын Алматыда бұл маңызды мәселеге қатысты қандай шаруа атқарылып жатыр? Ақпараттық түсіндіру жұмысы қай деңгейде жүргізіліп жатқанын әңгіме барысында білдік.

ДІН мен ТЕРРОРИЗМ – ЕКІ БӨЛЕК ҰҒЫМ

– Елбасы Жолдауында «Діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу, әсіресе интернет пен әлеуметтік желіде оның жолын кесу жұмысын жүргізу керек» – деп атап өтті. Бұл тұрғыда Алматы қаласында қандай жұмыс атқарылуда?

– Біз жазғы демалыс басталмас бұрын қаладағы жоғары оқу орындарында, колледждерде студенттермен кездесіп, экстремизм мен терроризмнің алдын алу, дін саласындағы мемлекеттің саясатын түсіндіру жұмысын жүргіздік. Биылдан бастап Алматы қаласында 110 адамнан тұратын 9 ақпараттық түсіндіру тобы өз жұмысын бастады.

– Алматы қаласындағы діни ахуалды зерттеу, талдау, болжам жасауда «Сараптама және зерттеу орталығының» қызметі қандай?

– Біздің орталық осыдан екі жыл бұрын ашылды. Негізгі мақсаты – Алматы қаласындағы діни ахуалды бақылау. Үш бағыт бойынша жұмыс жасалады. Біріншісі мониторинг. Онда Алматы қаласында қанша діни конфессия тіркелгенін анықтайды. Екіншісі діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу. Биылдан бастап үшінші бағыт қосылды. Ол Алматы қаласы бойынша дін саласында әлеуметтік зерттеу.

– Ақпараттық түсіндіру тобының құрамына кімдер кіреді?

– Дінтанушы, психолог, құқық қорғау мекемесінің қызметкері бар. Жалпы әр саладан тартуға тырыстық. Себебі біз барлық сала маманымен жұмыс істеуіміз керек. Түсіндірушілердің арасында дәрігер де бар. Алғашқы жарты жылдың өзінде 149 лекция оқылып, 8 кездесу, 2 семинар, 2 акция ұйымдастырылды. 149 лекцияға 17 мыңға жуық адам қатысты. Дәріске тек студент емес, мемлекеттік қызметкер, денсаулық саласының маманы, тәртіп сақшысы, әскери қызметкер қатысты.

– Ол дәрістің мазмұны қандай?

– Мемлекеттің дін саласында ұстанған саясатын түсіндіру. Сондай-ақ теріс діни ағымда жүргендер қарапайым адамды өзіне тарту үшін қандай айла қолданатынын айту.

– Сіздер тек дәріс оқисыздар ма? Әлде жастарды қызықтыру үшін, көңіл бөлуі үшін басқа да әдіс пайдаланасыздар ма?

– Біз лекциямызды бастамас бұрын, тақырыпқа кіріспе ретінде Алматы қаласы дін басқармасы түсірген арнайы бейнематериал көрсетеміз. Оның ұзақтығы шамамен 10-15 минут. Онда «Елімізде қандай теріс ағым бар, мемлекеттің ұстанған саясаты қандай? – деген сауалдарға қысқаша жауап беріледі. Одан кейін лектор дәріс оқиды. Дәріс аяқталған соң, қатысушылар көкейінде жүрген сауалын қояды. Жоғары оқу орындарында студенттермен өткен кездесуге мен де бардым. Жастардың дінге қызығушылығы өте жоғары деңгейде. Бірінен кейін сұрағын қойып, тиесілі жауабын алды. Олар теріс бағыт пен Әбу Ханифа мазхабының айырмашылығын жақсы біледі.

– Сіз «Діл мұсылман болмаса, тіл мұсылман болғаннан не пайда?» деген мақалаңызда жастардың діни сауаты таяз деген мәселе көтеріпсіз. Қазір керісінше айтып отырсыз. Сол уақыттан бері не өзгерді?

– Алматы қаласында жастар жиі ауысып тұрады. Мәселен, 4 жыл бұрынғы буын басқа, қазіргілер, тіпті бөлек. Ол кезде ақпараттық жұмыс толық жүргізілмеген шығар. Басқа да себебі болуы мүмкін. Бірақ қазіргі таңда біз барлық жоғары оқу орнын қамтуға тырысып жатырмыз. Ақпараттық түсіндіру тобы белсенді түрде жұмысты қолға алды. Орталық құрылғалы бері барлық жоғары оқу орнының, колледж, базар, мемлекеттік мекемелердің басшысымен келісімге отырып, түсіндіру жұмысы жүргізілуде. Біздің мамандар тарапынан теріс ағым туралы толық мәлімет беруде. Қала тұрғындары көп шоғырланған жерлерде «Деструктивті діни ағымдардан сақ болыңыз» деген буклет таратып жүрміз. Сол себептен бүгінгі жастардың басым бөлігі «діни сауатты» деп айтуға болады.

– Сіздер түсіндіру жұмысының нәтижелі болғанын қайдан білесіздер? Сауалнама жүргізіле ме? Жалпы қалай анықталады?

– Биыл әлеуметтік бөлім ашылды. Сол бөлімнің қызметкерлері арнайы сауалнама жасақтады. Біз дәріс оқып болған соң, қатысушыларға таратамыз. Оның ішінде бірқатар сауал бар. Қатысушының берген жауабына байланысты тақырыпты қаншалықты игергенін түсінеміз. Жастар осындай кездесудің жиі өткенін қалайды.

– Жастарды жалпы дін саласында қандай мәселе мазалайды? Көбінде қандай сауал түседі?

– Соңғы кезде «оқушы мектепке хиджап киіп келуге болмайды» – деген мәселе өзекті болды. «Оқушының білім алуына қандай кедергісі бар?» – деген сарында көптеген сауал түсті. «Оқу орындарында намаз оқуға бола ма?» деген сауал көп келеді. Оның бәріне тиісті жауап беріледі. «Әбу Ханифа мәзхабын ұстанған мен теріс ағымдағыларды қалай ажырата аламыз?» – деген сауал да жиі қойылады.

– Шынында, діннен аса хабары жоқ адам, қалай ажырата алады? Мәселен, көшеде біреу саған келіп, бауырына тартып, дін туралы тереңінен түсіндіріп жатса...

– Біріншіден, Қазақстан Заңына сәйкес тек арнайы діни орындарда ғана насихаттауға болады. Ал көшеде кітап таратуға, дінді насихаттауға тыйым салынған. Көшеде қасыңа келіп жатса, басыңды аулақ ұстағаның абзал. Екіншіден, теріс ағымда жүргендер көп жағдайда қазақтың салт-дәстүріне қарсы болып жатады. Олардың пайымынша, келін иіліп сәлем бермеу керек, бетті сипауға болмайды. Мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік мерекелерді құрметтемейді. Зайырлы мемлекет пен зайырлы өмір сүру салтына қарсылық танытады. Білім ордасындағы кейбір пәнге қатыспауға шақырады. Осылайша тізбектей беруге болады. Жалпы саған келіп, осындай мазмұндағы әңгіме бастаса, ол адамнан бойынды аулақ ұстағаның жөн. Оның үстіне мұндай теріс пиғылдылар мешіттегі иманды тыңдауға емес, жеке пәтерге шақырады. Кейбіреуі «Сол теріс пиғылдыларың мешітте де жүреді. Сонда мешітке де бармауымыз керек пе?», – деп сұрап жатады. Мешіт – Алланың үйі. Оған кім келемін десе де тыйым салынбайды. Мәселе ол жерге барғанда кімді тыңдайды? Егер ол иманның айтқанымен жүрсе, мәселе жоқ. Ал бір топ болып жиналып, иманды тыңдамай өз әңгімесін жүргізіп отыратындарға қосылса, онда жағдай қиындау.

– «Сараптама және зерттеу орталығы» «Қоғамдық қабылдау» іс-шарасын қаншалықты жиі өткізеді? Қала тұрғынының сіздер атқарып отырған жұмыстан хабары бар ма?

– Бұл іс-шараны мейлінше жиі өткізуге тырысамыз. Себебі қала тұрғындарының көкейінде жүрген сауал өте көп. «Қоғамдық қабылдауды» халыққа қызмет көрсету орталықтарында өткіземіз. Алғашқысы Алмалы ауданында өтті. Қалған 7 ауданда өткізу жоспарда бар. Алматы қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағында да ұйымдастыру көзделген. Білікті дінтанушылар қала тұрғындарының экстремизм және терроризм, сондай-ақ дін саласына қатысты басқа да сауалына толыққанды жауап беретін болады.

– 29 маусым күні Әуезов ауданында дінтанушы, психологтың қатысуымен «Қоғамдық қабылдау» өткізілді. Психологтың қандай көмегі бар?

– Теолог теріс ағымға әлі өтпеген, екі ойлы болып жүрген адамның сауалына жауап бере алады. Теріс ағымға кіріп, психологиялық тұрғыдан зардап шеккен адамға маманның көмегі қажет. Сол мақсатта психологты шақырамыз.

– Орталықтың жастармен тығыз қарым-қатынаста екенін білдік. Ал 35-50 жас аралығындағы орта буынмен жұмыс қалай жүргізіледі?

– Биыл жоспарға сәйкес 500 іс-шара ұйымдастырылады. Оған сәйкес кемінде 80 мың адам орталық жұмысынан хабардар болады. Бұл шара барысында тек студент емес, барлық сала маманы қамтылады.

– Саудагер, көше бойында жұмыс іздеп тұратын қара жұмысшыға түсіндіру жұмысы жүргізіле ме?

– Базардың басшыларымен келісім бар. Біз баратын уақытта саудагерлерді жинап тұрады. Оларға мүмкіндігінше толық ақпарат беруге тырысамыз. Сондай-ақ өткен жылы Алатау ауданында көпқабатты үй салып жатқан құрылысшылармен кездестік. Жоспарға сәйкес барлық нысанды аралаймыз. Жұмыс жүйелі түрде жүріп жатыр. Түрмеде де кездесу ұйымдастырылып тұрады.

Сұхбаттасқан Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Талап

«Мәдениетсіз адам болса да, мәдениетсіз ел болмайды», – деген екен жазушы Дулат Исабеков. Дегенмен мәдениетті елдің бір бөлігі өнерпаздар екендігінде дау жоқ. Мәдениет барда өнер бар. Бұл екеуі бір-бірімен астасып жатқан асыл ұғым. Айналып келгенде, бұл екеуін жүзеге асыратын, өзгертетін, дамытатын адам баласы. Ал әр адамды мәдениетті етіп тәрбиелеу бүлдіршін кезден басталмақ. Сондай игі істің бірі – Алматы қаласында он күнге ұласқан «ЮНЕСКО Клубтарының II шығармашылық Академиясы».

ТАЛАНТЫМЕН ТӘНТІ ЕТТІ

Көпшілікке мәлім осы жылды Алматы қаласы «Жастар жылы» деп жариялады. Оған қоса, ЮНЕСКО клубтық қозғалысының пайда болғанына 70 жыл толуы осы фестивальдің өтуіне мұрындық болды.

Академияның атауы бұл жолы «Жаһандық азаматтық арқылы шығармашылық білім беру» деп аталды. Әлемдік кеңістікте өзге елдің озық ойлы жастарымен терезесі тең түрде бәсекелес бола алу үшін жас ұрпаққа мұндай білім беру түрі керек-ақ. Фестивальді елімізде кең насихаттау үшін, шалғай ауылдардағы небір талантты жастарды жобаға тарту үшін ұйымдастырушылар тарапы журналистерді шақырып, арнайы баспасөз мәслихатын ұйымдастыруды ойлаған екен. Басылымның атынан біз де сол конференцияға қатысуды жөн санадық.

БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен баспасөз мәслихаты барысында сөз алған Алматы қаласындағы Қазақстан Тұңғыш Президенті Елбасы қоры өкілдігі директорының орынбасары Сергей Тоқтаров сөзін журналистер қауымын төл мерекесімен құттықтаудан бастады. Одан әрі жобаның құрылымымен толықтай таныстырып, тілші қауым тарапынан қойылған бірқатар сұраққа жауап берді. Мұндай үлкен істің атқарылуында Т.Жүргенов Қазақ ұлттық атындағы өнер академиясы мен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының да қосқан үлесі атамай өтуге болмас. Өнер ордасының мамандары еліміздің түкпір-түкпірінен

1000 баланың ішінен іріктеп 12-17 жас аралығындағы 100 жасөспірімге он күн бойы шеберлік дәрісін өткізіпті. Тек өнер түрлері бойынша ғана емес, балалардың бойындағы ерекше қасиетті *(лидерлік, логика, сыни ойлау т.б.)* дамыту үшін де айтарлықтай жұмыс жүргізілген.

Конференцияда сөз алған өнер академиясының ректоры Бибүгіл Нүсіпжанова фестивальді өткізу үшін білдірілген ұсыныска бірден келіскендігін айтты. Ол сөзін былайша жалғады:

«Арнайы тағайындалған академия мамандарымен бірге өнерпаздар 10 түрлі сала бойынша шеберлігін шыңдады. Атап айтсақ, музыка, би, бейнелеу өнері, эстрада-вокал және кескіндеме өнері және т.б. Он күн бойы оларға қалаған бағыт бойынша түрлі сабақ жүргізілді. Оқушылар тек сабақпен шектелмей 1000 жылдық тарихы бар ару қала Алматыны да аралады. Аздаған уақыттан соң өнерпаздардың мерекелік концертін тамашалайтын боламыз. Сонымен қатар сурет және қолөнер туындыларына да куәгер бола аласыздар. Меніңше, бұл ауқымды жобаның кішкене бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта бұдан да үлкен фестиваль боларына сенімім мол».

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша ЮНЕСКО Кластерлік Бюросының директоры Криста Пиккат қазақ елінің жас өнерпаздарына деген таңданысын жасырмады.

Өткен жылы ғана қолға алынған бұл академиядан бүгінде даму, ілгерілеу байқалады. Мамандар мен ұйымдастырушылар жылда жаңғыртып дәстүрге айналуына барын салуға уәде етті. Келесі жиындарда аймақтан үміткерді іріктеу үшін БАҚ өкілдері де шақырылуы мүмкін. Сергей Тельманұлы да келесіде бұл пікірдің ескерілетінін айтты.

Баспасөз мәслихатынан шығып музыканың даусына елтіп, концерт залына беттедік. Кенет назарымыз

дәлізде қаз-қатар тізілген қолөнер бұйымы мен картинаға ауды. Еңбектеніп жасаған туындының қашан да құнды болары анық. Түрлі тақырыпта көркем бейнеленген сурет бізді бей-жай қалдырмады. Ал қыштан жасалған тарихи жәдігерлердің жөні мүлде бөлек. Балалардың кіршіксіз жан дүниесі негізінде жарық көрген жұмыс. Он күндік еңбектің жемісі.

Ал бізді концерт залындағы қорытынды кеш күтіп қалды.Ұлттық аспаптарды қапсыра құшақтаған балалар дайындықпен әлектеніп жатқанда жүргізуші қыз кешті бастап кетті. Он күн бойы табандылықпен еңбектеніп, шеберлік сағатын өткізген, оқушылардың уақытын барынша тиімді пайдалануын қадағалаған тәлімгер мен оқытушыларға алғыс хат табысталды. Сондай-ақ аймақтардан келген түрлі өнер мектептері де назардан тыс қалмай, түрлі марапат иегері атанды. Жалғасы ән, би, ұлттық аспаптарды да насихаттау өте жоғары дәрежеде өрбіді. Бұл кештің ерекшелігі – балаларды тек шығармашылық тұрғыда шыңдап қою ғана емес, олардың арасындағы достықты, бауырмалдылықты арттыруда да үлкен рөл атқарды. Себебі өнер көрсеткен бір топта он бала болса, оның әркайсысы еліміздің әр аймағынан келген. Түрлі ұлт өкілі де бар. Тіпті өзге ұлттың балалары домбыраны күмбірлеткенде ойланбай қалмайсың, тебіренбей тұра алмайсың. Қаршадай ғана баланы баурап алған қазақтың өнеріне қайран қаласың.

Керемет көңіл күйде тыска шықтық. Мойныма фотокамера ілген мені шамасы жақсы түсіреді деп ойлады ма, ұлттық нақышта киінген бір балақай қалтафонын ұсынып «аға суретке түсіре аласыз ба?», – деді. Мен де көңілін қалдырмай өзіме де естелікке шырт еткіздім. Аты-жөндерін, қайдан келгенін сұрағанымда «Ақтау, Атырау, Ақтөбе...» деп кете барды.

Әбдіманап КЕҢЕС

Қауіпсіздік

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Елімізде экстремизм және терроризмнің алдын алу, олармен күресу жолдары баяндалатын түрлі іс-шара өткізілуде. Алматы қаласында да бұл шара мақсатты түрде қолға алынды. Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру.

Осы орайда Алматы қаласының ішкі істер департаментінің (ІІМ) жұмыс тобы мен экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы қызметкерлері «Көк базар» сауда орталығының басшылығы мен базар халқына терроризмнің қаупі туралы түсіндіру жұмысын жүргізді. Түсіндіру жұмыс тобының құрамында экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы орынбасарының міндетін атқарушы, полиция капитаны Мәулен Қасымжан, осы басқарманың жедел өкілі, аға лейтенант Олжас Ысқақов, Медеу ауданы бойынша террористік тұрғыда осал нысандарды тексеруге жауапты полиция лейтенанты Дмитрий Лазаренко болды.

Ең алдымен базар басшыларына түсіндіру жұмыс тобы тарапынан терроризмнің алдын алу туралы жадынама ұсынылып, оны саудагерлерге тарату барысы айтылды. Түсіндіру жұмысы барысында нысанның күзет қызметі мен бейнебақылау жүйесі тексерілді. Сондай-ақ күзет қызметкерлері түсіндіру жұмыс тобының «лаңкестік қауіп туындаған жағдайда қандай әрекетке бару керек?» – деген сауалына жауап берді. Сонымен қатар базардағы әрбір саудагерге терроризм актісінің қаупі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайда қандай әрекетке бару керек екенін түсіндіретін жадынама таратылды.

Алматы қаласы ішкі істер департаменті экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының жедел өкілі, аға лейтенант Олжас Ысқақовтың айтуынша, бүгінгі таңда «Экстремизмге қарсы» заңның 2005 жылғы 18 ақпандағы қаулысына байланысты терроризмге қарсы осал нысандарды тексеру жұмысын жүргізудеміз. Медеу ауданына қарасты «Көк базар» сауда нысанын тексердік. Тексеру барысында ішкі істер министрлігі мен экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы бірлесіп дайындаған қауіп-қатердің алдын алуға арналған жадынама таратылды. Онда адамға анонимді қоңырау шалған жағдайда, жарылғыш затты байқаған сәтте және қылмыскер адамды кепілге алған жағдайда қандай әрекет ету керектігі көрсетілген.

Бүгінгі таңда базар саудагері мен базарға келушіге 200-ге жуық жадынама таратылды. Бұл шара алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Алматы қаласы бойынша 1574 террористік тұрғыдан осал нысанға жадынама тарату жоспарда бар. Осы күнге дейін 600 нысанға түсіндіру жұмысы жүргізіліп, жадынама таратылды. Ал қалған 900 нысанға жыл соңына дейін ақпараттандыру жұмысын жүргізу жоспарға алынып отыр.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – қала аумағындағы терроризм мен экстремизмнің алдын алу. Саяси тұрақтылықты нығайту, жергілікті атқарушы билік пен тұрғындар арасында қарым-қатынас орнату. Сондай-ақ қала тұрғындарына қауіп-қатерден сақтану туралы мағұлмат беру.

«Бүгін біздің ақпараттық түсіндіру тобы Алматы қаласы Жібек жолы, 50 үй мекен-жайы бойынша орналасқан «Достар-Коммерц» компаниясына тиесілі «Көк базар» сауда-саттық орталығын тексерген болатын. Бүгіннен бастау алған ақпараттық түсіндіру тобының жұмысы алдағы уақытта да жүзеге асырылатын болды. Жыл соңына дейін Алматы тұрғындарының басым көпшілігін терроризмнің алдын алу туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін боламыз» – деді полиция лейтенанты Дмитрий Лазаренко.

Терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында Алматы қаласы ішкі істер департаменті мен экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы бірқатар жобаны іске асырып, жан-жақты ауқымды жұмыс атқаруда. Аталған шара жыл соңына дейін жүзеге асырылатын болады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

8 ЖК ЖУРНАЛИСТ
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тілшінің ермегі

Журналист Ғалым Есенсариев көптен бері көне бұйымдар жинастырумен әуестенеді. Ендеше, бір сәт әріптесіміздің өзіндік қиындығы мен қызығы мол осынау ермегі туралы әңгімесіне құлақ түрейік.

ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ТАРТҚАН



– Бәрі баяғыда әкемнен қалып кеткен сары самауырдан басталды. Кемі екі жүз жылдық тарихы бар-ау өзінің... Атамдар революциядан бұрын Түркістанның ба, Ташкеннің базары ма, бір жақтан алдырған, әйтеуір. Әкем үш ағайынды екен, үшеуі де Ұлы Отан соғысына сол сары самауырыннан шәй ішіп аттаныпты. Үшеуін аман-есен сол самауырынмен күтіп алған. Мені де әскер қатарына сол самауыр жөнелтті. Қарсы алған да осы бұйым. Негізі, өзім үшін өте бір қымбат нәрсе. Қайсымыздың қонағымыз болса да сонымен атқарылды бәрі. Бертінге дейін біздің тойымыз ғана емес, бүкіл ауылдың той-томалағы осы бес литрлік ыдыспен жөнелтіліп жататын еді. Содан бір күні қарасам, ескіріп, біртіндеп босағаға шыққан... Елеусіздеу қалып кеткен... Содан «қой, мынау болмайды екен» деп қимай алып кеттім Алматыға қайтарда. «Сендерге бағасы болмаса, мен алайын мұны» деп...

Алғашқы коллекцияның басы сол еді. Қызылордада Қайырбай Зәкиров деген суретші тұрады. Досым. Ол да кәсібіне байланысты көне бұйымдар жинайды. Оның да ықпалы тиген шығар, солармен ілесіп мен де ескі заттар жинауды қолға алдым осылайша.

Журналистік жұмыспен қазақ даласының жер-жерін түгелге жуық араладық қой. Іссапарға барсам, бірінші сұрайтыным – ескі заттар. Қаланың орны бар ма, мазар бар немесе тарихи ескерткіш бар ма... Бара сала іздейтінім де сол. Кез келген ауылға жол түссе алдымен жалтақтап сарай төбесінде, ескі шатыр үстіне мойын созып қарап жүретін әдет жұқты. Біртіндеп керемет «иісшілдік» пайда болады екен. Қажет мүліктің жататын жерін сонадайдан сеземін деген сөз ғой.

Одан заман өзгерді, шынын айту керек, жұрт көне мұраның мәнін ұғып, бағасын түсіне бастады. Қазір көптеген лауазымды адамдар көркемсурет туындылары мен ескі заттар жинауға көшкен. Ал Совет Одағының тұсында олардың көбі кілем, хрусталь түрлерін жинаумен әуестенетін еді. Олар қазір «модадан» шыққан. Екеуі де дүкендер мен базарларда үйіліп тұр. Сол себепті оған жоламай, ескі мұрағаттарға жүгіреді. Қазір біреудің қолынан ештеңені оңайшылықпен ала алмайсың. Ең ақыр аяғы ондай «қаңсықты» кәрі кемпірлердің саудалап отырғанын көресің. Өте қымбат бағалайды. «Антиквар» деген ұғым бар. Қазір де жолға шыға қалсам, ескі-құсқы заттар сататын базарды бетке аламын. Уақыт тауып аралаймын. Ақшаның мүмкіндігіне қарай керек бұйымдарымды алып қайтамын. Бірталай зат жиналды. Үш-төрт мылтық жатыр. Шығу тарихы терең олардың да. Біреуі, мәселен, 1816 жылы шыққан



пілтелі мылтық. Жолдастарыма әзілдеп отырамын, 1812 жылы Наполеонның соғысы болды емес пе. Міне, біздің аталарымыз соған да қатысқан деп... (Тегінде, бұл негізсіз сөз емес. Кейінде сол майданда орыс әскерінің алғы шебінде қазақтар жүргені туралы деректер біртіндеп айқындала басталы. Мәселен: «Немало башкир, татар, калмыков, алтайцев и казахов Букеевской орды, входивших в состав корпусов генералов Тучкова и Платова, погибло в самом кровавом сражении века – в битве при Бородино» деген мысалдар осыны көрсетеді. (Анатолий Егоров. – «Звезда Алтая». 06.11. 2013).

...Англияда жасалған мылтықтар да бар мысалға. Кейде ойланасың ғой. Құдай бетін әрі қылсын, ол мылтықтар қай жерде пайдаланылды? Аң атты ашаршылық кезінде ... Қаншама ауылды аман алып қалды сол нәубетен, нешеме отбасының қолынан өтті. Бұл бері жағы, небір қырғын соғысқа қатысуы да мүмкін ғой! Әйтеуір әрқайсының бүккен сыры тым әріде жатыр.

Ескі құмыралар тұр. Кемі үш жүз жылдық. Оншақты. Оттық жинадым бір кездерде. Зажигалка... Оны жинау қиындау болды. Өйткені қатты сыйлайтын қимас ағаң немесе жолдасың келеді де, біреуін берші деп қолқалап сұрап, алып кетеді. Жалпы, коллекция жинап жүрген адамның бір-екі заты «қолды болғаннан» кейін оны жинауға деген құмарлығыңыз суи түседі, көңіліңіз тартпай қалады. Қазір оттықтың өте көне бес-алты түрі ғана қалды. Францияда ханымдарға арнап шығарған «ЗИПО» дегені бар. Өте бағалы.... Одан соң Швециядан шыққан қол сағаттар... Атақты «Павел Буре» фирмасы шығарған күміс сағаттар... Көп емес, оннан асатын болуы керек.

Ресейдің антикварлы дүкендерінен бес-алты зат әкелдім. Тағы бір самауырын алдым. Әйелім ойбайлап... Пойызда көтеріп жүру күш қой енді. Басқа да бірталай затым бар алған. Пішіні самауырға ұқсайтын жез кашеварка бар арасында. Шүмегі, ештеңесі жоқ. Қазандай болып ол да жүк! Ойбайламай қайтсін!

Шырағданның төрт-бес түрі бар. «Подсвечник» дейді ғой. Өте ескілерін жинайсың, әрине. Заманы өтіп кеткен. Ескі заттар көп, әйтеуір. Еске түседі, баяғыда бір атақты күйші ағамыз Төлеген Мәмбековті теледидарға түсіріп болып, бау-бағын аралап жүрсем, кішкене қазан қырғыш жатыр екен тасада. Сабы сынып қалған. Баяғыда әдемі жасаған оны да, бірақ. Төкеңе көрсетіп ем: «Ойбай, ала бер керек болса!» деді. Соншама дарынды адамның мүлкін ұстап отырудың да ләззаты жоқ емес қой, а?

Әлгінде айттым, біз өзі ескі заттарды алыстан танимыз. Бір күні Шымкентте базарда келе жатып сонадайдан әлдебір бұйымға көзім түсті. Бірден бас салсаң сатушы бағасын көтеріп жіберуі мүмкін. Байқатпай, алдымен қасындағы затты көріп, ақырындап байқасам, ақша салатын әмиян екен. Таза теріден жасалған. 1945 жылы Берлиннен алып келіпті біреу. Қатты толқыдым. Әкем майдангер. Бірақ мені немістің қасық, ондай-мұндайлары аса қызықтырмайды. Тек солдаттардың еңбегі... тері сіңген... солардың көзіндей болған ескі заттар еліктіреді.

Суретшілерді жақсы көремін. Жас кезімде суретші болуды армандаушы едім. Бірақ ол арманға қол жетпеді. Қылқалам шеберлерімен көп араласамын. Сондықтан, қолтума да жинадым. Қолымда жиырма-жиырма бестей белгілі-белгісіз суретшілердің туындылары бар...

Көне бұйымдарға неге құмарсың деп сұрайсың ғой. Әр зат әлгі заманның белгісіндей емес пе! Сол дәуірдің адамдарының бір-біріне деген қарым-қатынасын, олардың өмірге деген көзқарасын біле түсесің. Мысалға, сол кездің самауырының өзі ерекше нақышпен жасалған. «Ретро» деп жатады ғой, о дәуірлердің адамдарының да өте күрделі екенін пайымдайсың. Күрделі дегенде, жан дүниелерінің байлығына сай қолдарынан шыққан ою-өрнектерінің сыры да айрықша терең. Ал өз замандастарымыздың дүниелерінен бәлендей өрнекті көре алмайсың. Мұндайда біздің бір-бірімізге деген қатынасымыз да осылай ма деген ой келмей ме. Асығыс жасалады көп бұйымдарымыз. Мәселен, бұрынғы ескі үйлерді қарасаң, кірпіштен қалаған қабырғасы пәлен сантиметр, ал мандай беттері мен арқалары болса жатқан бір керемет өрнектен тұратынын байқайсың. Ал бүгінгі үйлерге қарасаң, кілең төрт бұрышты-төрт бұрышты... Ешбір ерекшелігі де жоқ.

Темірхан МОМБЕКҰЛЫ

Өмірдің терең сырын оқып тұрғандай боласың ескі заттардан. Баяғыда Мұхтар Мағауин сабақ берді студент шағымызда. Практика кезінде командировкаға барып, біздің үйде екі-үш күн болғаны да бар Созақта... Сонда бір құлап қалған ескі қорған жатыр. Шапқыншылық кезінде киракан қала ғой. Сол жерден әлдебір қызыл кірпіш тауып алдық. Содан адам қолының таңбасын көріп толқығаным да есімде. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын ғұмыр кешкен ол адамның өз бабаң емес екеніне кім кепіл!

Қазір қолымда өзімнің арғы аталарымның ұстаған құмғандары бар. Олар да бүгінгі құмғандарға мүлде ұқсамайды. Көзіне «Мың бір түн» ертегілерін елестететін өте бір әдемі, аса сәнді нәрселер. Сол кезгі адамдардың талғам нәзіктігін көрсетеді.

Және көне бұйымдар қиялыңды небір ғажайып дүниеге самғатады. Айталық, Талдықорғанда әлдебір моладан табылған құмғанға қарап отырып талай ойларға шомғаным бар. Марко Полоның, Карпинидің кітаптарын оқысаң Қойлық қаласында буддизмнің орталығы болғанын, онда христиандардың мекендегенін білесің. Әлгіндей құмыралармен адам сүйегі өртелген. Кейде үйде жатқан кезде құмыраларға қарайсың да, мынаның ішінде кімнің сүйегі өртенді екен деп қиялданасың.

Бұл бұйымдарды сақтаудың өзі оңай іс емесін аңдаған шығарсың. Көпшілігін балалар өскенше жинадым. Және бұларды қалай болса солай қоя салмайсың. Талғаммен орналастырасың. Айталық, төрт мылтықты қабырғаға ілу үшін арқардың үш үлкен мүйізін әкелдім. Зорға көтересің ғой оны. Бір күні сексенге таяған шешем: «Мына пәлелеріңді төндірмей алып тасташы!» деп ұрысты. Балаларым да өскен қазір. Үйде бір өзің ғана емессің, есептесуіне тура келеді. Балалар ержеткен соң тықсыра бастады. Ақыры еншімде бір бөлме ғана қалды да, сыймаған затты жинап, жәшікке салып, буып-түйіп бөлек сақтаудан басқа шара қалмады. Егер заттардың бәрін қойсам, үш бөлмеге сыймай кетер еді. Одан соң біздің коллекционер деген құжатымыз да жоқ. Кеңқолтық қазақтармыз. Болмаса бір милиция қызметкері келіп: «Мына мылтықтарың не сұмдық! Құжатын әкел!» деуі ғажап емес. Атыла ма, атылмай ма, онда жұмысы болмайтыны анық. Ал келгендер үйің музей сияқты дейді. Жеке-жеке жатса, ешкім қарамас еді. Ескі шәйнектер, қасықтардың түр-түрі бар. Достарым, туыстарым қолдарына түскен заттарын әкеліп беріп жатады. Әрине, біздің әуестігіміздің материалдық жағынан пайдасыздау

екені түсінікті. Іссапарға барған сайын шығындалып қайтасың әжептәуір. Үйдегілерден жасырмасқа да амалың жоқ оны. Отбасылық бюджетке едәуір зияны да тиіп жататыны рас енді. Бірақ әуестіктің аты әуестік. Бұл әдетті өле-өлгенше қоя алмаспын.

* * *

Біздің кейіпкеріміздің әкесі кітапханашы болған кісі екен. Сондықтан, кітап та жинайтын әдеті бар. Әрине, кітапты көпшіліктің жинайтыны белгілі. «Бірақ бұл әуестігім де аса оңай болған жоқ. Кітапты советтік заманда жаздырып алатын басылымдар болатын еді. Оны обкомның тізімімен ғана зорға алатынсың. Сол себепті, бағалы кітаптарды да әркіммен таласып жүріп, тірнектеп жүріп жинадым» дейді өзі.

ЖИҢАНГЕЗ

Темірхан Момбекұлы – Түркістан – Қазақстан Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақ радиосының ардагері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері. 1986 жылғы Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің аңдуына іліккен. Он екі прозалық кітаптың авторы, қырыққа жуық әдеби хабары, екі радиоспектаклі радионың Алтын қорына қабылданған. Әуестігі – саяхатшылық. 2005 жылдың 18-ші тамызынан бастап велосипедпен «Қасиетті Қазақ жері» тақырыбы аясында күллі республиканы аралап шығуды бастады. Бүгінге дейін сапар-саяхаттың сегіз кезеңін тиянақтады.

САЯХАТШЫЛЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ НЕ?

Өз айтуынша, осынау тосын әуестігінің басты мұраты:

1. Қапырық қаладағы «түрмеге» айналған кабинеттік тірліктен қашып, дархан Даламен қауышу.

2. Қазір ұлы өзгерістер заманы. Осы құбылыстарға тікелей куә болу.

3. Табиғат суреттерін, ел ішіндегі талантты тұлғалаларды, хатқа түспеген аңыздарды жинап, ұнтаспаға түсіру.

4. Қандастарға велосипед мүмкіндігін көрсету. Великпен жүру – тәуелсіздік. Әрі бұл – спорттың төресі.

5. Ұлттық намыс. Күндердің-күнінде ұлан-байтақ елімізді басқа мемлекеттің өкілдері бірінші болып велосипедпен аралап шығып, жазатын болса, кейінгі ұрпақтан ұят қой!..



ЖОЛ НЕЛІКТЕН ТҮРКІСТАННАН БАСТАЛДЫ?

Түркістан – қазақтар үшін ғана емес, күллі түркі дүниесі, барлық мұсылман үшін киелі өңір. Ең бастысы – өз атамекені. Саяхаттың Түркістаннан, Қожа Ахмет кесенесінің алдынан басталу себебі де сол.

ҚАНША ЕЛДІ МЕКЕНДІ АРАЛАҒАН?

Ұзақ сапардың алғашқы кезеңіндегі жиырма төрт күнде отыз бес елді мекенде болған. Егіздерді, ел ішіндегі таланттарды, түрлі аңыздарды хатқа түсіріп, ұнтаспаға жазған. Ал биыл көктемде Қазақстан мен Өзбекстанның бірқатар шекаралас аудандарын аралады. Мұнда да көп материал жиналды. Өзі үшін, әсіресе, Ұлбазар есімді қаракөз тәжік қызының жақындарымен кездесуі үлкен олжа болды. *(Ол жөніндегі әңгіме сәл кейінірек)...*

Үшінші кезең – Алматыдан Түркістанға дейінгі аралыққа арналды. Бұл Қазақ радиосының сексен бес жылдығы аясында өткен сапар. Осы жолы алдыңғыларға қарағанда көбірек дүние жинақталды. Себебі сапарды тура Түркістанға бағыттамай, жолшыбай кейбір ауылдарға бұрылып соғып отырған. Сондықтан, қасиетті шаһарға дейін бір мың екі жүз шақырымдай жер жүрген. Одан кейін де Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының кейбір аймақтарын аралады. Жиыны 1500 шақырымнан аса жер өткен. Бір ай ішінде дамылсыз жүріп, материал жинаған. Айлық саяхаттың он бес күні – іссапар мерзімі, он бес күні кезекті демалысына тиемел уақыт. Жиһангездіктің сегіз кезеңінде екі жүз сағаттай ұнтаспа, екі мың беттей күнделік жазды.

ҚАУІП-ҚАТЕР КЕЗДЕСТІ МЕ?

Ылғи жалғыз жортады. Сол себепті бір Аллаға ғана сенуіне тура келеді.

Тек бірде ғана Жетісайдың түбінен Шардараға дейінгі сексен шақырымдық жолда кластасы, әрі туысы Есей Ілиясұлы серік болғаны бар. Басқа уақытта үлкен Арманына асыққан жеке батырдай кілең дара заулауды әдет қылған. Жергілікті тұрғындар Сырдария тоғайларында қабан, қасқыр кездесуі ықтимал деп, одан соң Қаратау бөктерінен өтерінде де түз тағылары бөлтіріктерін ауыздандырып жүр деп ескерткен, сонда денесінің тіксінгені бар.

Сол сияқты үшінші сапарында Қазақ елі мен Қырғызстан шекарасындағы жүз шақырымдай жер елсіз екен, сонда бір қорқыңқырағаны рас. Әйтсе де өзін-өзі «Аңды қойшы, оның жарасы жеңіл ғой. Бәрінен бұрын адамның жыртқышын кездестіре көрмесін!» деп жұбататын еді.

Шынын айтса, қиналған тұстары көп. Мәселен, Сырдарияның Қызылқұм жағындағы Байкенже ауылының жолын бұзып тастапты. Сол аралықтан өтерде қатты азаптанды. Түркістан аймағындағы Майдамтал деген ауылда, Жамбыл облысының Ақтоған ауылында бір адамдар бұдан күдіктеніп, тіпті шошып, бәле ойлағанда қатты қиналғаны есінде.

ӘСЕРЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Әсер көп, әрине. Солардың кейбіріне ғана тоқталайық. Бірде айдалада, Сырдария көпірінен түсіп келе жатқанында сонадайдан тұяқтары сартылдап, бір үйір жылқы алдынан кесіп өте берді. Араларында құлындары жүр. Үйірдің иесі ме, алды-арты есік пен төрдей бір келісті айғыр «біз секілді сайын сахарада сайран салып жүрген бұл кім екен?!» дегендей кенет бұған оскырына қарап тұра қалды. Осы қарапайым көріністің өзі-ақ Темкеңнің көңілін тербетіп жіберген еді. Атамекеннің ұлы Даласын, Сырдарияны, Қаратау қойнауын армансыз аралаудың өзі қандай ғажап деп тебіренді. Кейбір тұстарда ұлы Дала табиғатын қимай қалатыны бар. Сондайда көлігін жаяу жетелеп ұзақ жүреді.

Тағы бірде соңғы ауылға түнеп шығып, ертең ертемен Түркістанды бағытқа алған-ды. Қараса, ауылдың жүз қаралы сиырын айдап қаршадай ғана ұл келе жатыр. «Мынандай шақта алдымнан басқаны емес, періштедей сәбиді шығарғанын қарашы!» деп Құдайдың әділдігіне риза болды. Қатты толқыған. Тіпті көзінен жас та ыршып кеткен екен... Балқаш көлімен қауышу, Сарыарқа табиғатына, әсіресе Арқаның ақ самалына тәнті болуы, Қызылжар өңіріндегі қарағайлармен сырласу, Астанаға қарай қырық бес шақырым қашықтықта күшті желге қарсы велосипедін ылғи жетелеп отырса да, Қазақ жерінің ғажайыптығына ынтыға түсу сәттері, Бақтығали *(Бақош)* шабандоздың доданы қақырата жарып өткен шағы...

Бұл өзі мектепке бес жарым жасында барыпты. Соның алдында сәби сезімімен әлдебір қаракөз тәжік қызына көңілі құлаған. Өкінішке қарай, кейінірек, ата-бабасының кіндік қаны тамған Түркістан жағына қоныс аударуларына тура келген. Жылдар жылжып жатты. Бұл да ержетті. Бірақ әлгі қаракөз қыз ұмытылмады. Сол сапар Егізбай ауылына бала жүрегін бауыраған баяғы қыз бен балалық шақтың іздерін кездестіріп қалам ба? – деген үмітпен барған еді. Әлбетте, туған ауылы мүлдем өзгеріп кетіпті. Көз таныстардан Тағай деген жалғыз ғана тәжік қалыпты. Мұнда кезінде ессіз ғашық қылған қаракөзінің інісі отыратын. Ол да көшіп кетіпті. Тұрғындардың көбі жаңаланған. «Ең болмаса қаракөзімнің туыстарын көре алмадым-ау! Ол туралы бір дерек естімей кеткенім бе!» деп опынды. Соңғы үміті үзілерде Құдай жарылқап, сүйгенінің туған әпкесі Ташбөріні тауып алғаны! Сондағы қуанғанын көрсеңіз! Күн ұзақ Ташбөрі екеуінің әңгімесі тек Ұлбазар болды. Осының өзін дәтке қуат етіп бір жасап қалды. Бір



емес-ау, мың жасады!

САПАР ЖАЙЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ ҚАЛАЙ?

Алғашқы сапарда бастан кешкен оқиғалар бір кітапқа жүк болды. Кітап «Ұшпақ» баспасынан шығып та үлгерген. Енді екінші, үшінші кезеңді жазып бітуге таяу. Үш кезеңнің басын қосып, толықтырып шығарсам ба дейді. Арманы – Алла өмір берсе, денсаулық дарытса, күллі Қазақ елін аралап шықсам, көрген-білгенімді қағазға түсірсем, сол кітаптарды шынайы Ұстаз зерделі шәкірттеріне: – Әй, «Қасиетті Қазақ Жерін» оқыдыңдар ма? Соны оқындар әуелі! – деп отырса деп қиялдайды.

ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫСЫ, ЕҢ ҚИЫНЫ ҚАЙСЫСЫ ЕДІ?

Сегіз сапардың ең әсерлі әрі өте қызықты болғаны – Сарыарқа шеруі. Бұл – Ақши – Қаншеңгел – Балқаш – Ақсу- Аюлы – Қарағанды – Астана – Бурабай – Көкшетау бағыты еді. Ал ең қиын өткені ше? Бесінші кезең. Отырар – Арыстанбаб – Түркістан – Құмиян – Хорасан Ата – Жаңақорған – Асанқайғы – Шиелі – Қызылорда – Қорқыт Ата бағыты болатын.

ТҮЙГЕНІ НЕ?

Жазушы Жұмабай Шаштайұлының «Жігіттер, өмірге жақындайықшы!» дегенді жиі айтатыны бар. Темкеңнің ойынша, осы өте дұрыс сөз. «Біз стандартты тірлікке, жаттанды кеңселік әрекетке дағдыланып, сезім-түйсігіміз мүлдем қасаңданып, көп келеңсіздікке ет өліп, біртүрлі роботтанып бара жатқандаймыз. Ал сапар-саяхат жаныңды тірілтеді» дейді өзі. Бір ғана мысал, бұл Таразға жақындағанда егіс алқаптарын әдіптеген тал-дарақтың көз жауын алғаны есінде. Осы көрініс алып көйлек киген биші арудың бір мезет қана ауаға ілігіп, тыншып, тына қалғанындай әсер еткенін де ұмытпайды. Бір айлық сапарында мұндай ғажайып суреттердің талайын көрген. Машина топанында тұншыққан тас қаланың бір-бірімен ісі жоқ қым-қуыт тірлігінен мұндай тамашаны көре алмайсың, әрине. Ал сапарда жүргенінде қарлығаш ұя салған үйлерді де, әулиелі кесенелерді де талай кездестірген. Бұлар – жоғарыда да айтылғанындай, мол әсердің бір парасы ғана. Тағы бір иірім – бұрын өз атамекені ғана емес, қазақтың әр түкпірінің қасиетті, құтты екенін іштей түйсінетін, ал алғашқы сапарынан кейін-ақ пайымының шындығына көз жеткізе түскен. Бұл аз қазына емес. Жолшыбай жақсыны да, жаманды да көресің, тәубе қыласың, шүкірлік етесің. Әсіресе, көп жәйтті сабырмен қабылдауды үйренесің.

* * *

Біз кейіпкеріміздің:

– Қиналған кездерінізде алған беттен айнығыңыз келген сәттер кездесті ме? – деп сұрадық.

– Жоқ, діттеген межеден бір сәт те бас тартқан емеспін! Ол өмірден бас тарту болып шығар еді. Ал өмірден қалай бас тартасың! Қасиетті Қазақ жерін аралау – менің рухани қажеттілігім. Қиын болсын, оңай болсын, бұл менің тағдырым. Бұдан бас тарта алмаймын! – деп жауап берді ол.

Құлтөлеу МҰҚАШ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тағзым

Алаш деп ғұмыр кешкен

Халел Ғаббасовтың қоғамдық-саяси өмірі «Алаш» партиясымен, Алашорда үкіметімен тығыз байланысты. Ол қазақ интеллигенциясының көсемі Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және тағы басқа алашшыл азаматтармен бірлесе қазақ халқының күйін күйттеді, жоғын жоқтады. Қазақ елінің бодандықтан ада, өз тізгінін өзі ұстайтын жеке мемлекет болып, өмір сүруі жолында ұзақ күрес жүргізді.

Мәскеу университетінің физика-математика факультетін бітіріп, Семейге оралған Халел патша өкіметінің құрамындағы ұлттарға қатысты ұстанып отырған әділетсіз саясатына өзі сияқты көзі ашық, көкірегі ояу жастармен білек сыбана қарсылық көрсетті. 1916 жылы 25 маусымдағы патша жарлығымен ел басына күн туып, қара жұмысқа қарсы бас көтерулер болып жатқан кезде ұлт зиялыларының «патша жарлығына бағынып, қара жұмысқа баруды» ұсынған ұстанымын қолдап, оның мәнісін өзінің туып-өскен жеріндегі жастарға түсіндіріп, басу айтып, қан төкпеуге шақырды. Батыс майданға аттанып, қара жұмысқа жегілген қазақтардың жағдайын баспасөз арқылы қадағалап отырды.

Елде маусым жарлығына қарсы шығып, көтеріліске қатысқанды «бүлікші» деп түрмеге қамап, өлім жазасына кесіп, қатаң жаза қолданып, ұлттық намысты аяққа таптап, қорлық-зорлықтың күшеюі Халелдің жанына қатты батты. Сондықтан 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің жеңісін зор қуанышпен қарсы алды. Осы кезден ол алашшыл азаматтармен бірге уақытша үкіметтің жергілікті мекемелеріне әр түрлі қызмет атқаруға кірісті. Наурыздан бастап Ә.Молдабаев, И.Керейбаевтармен бірге Семей өлкелік сотының әділқазылар алқасында мүше болады. Семейдегі облыстық ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалады.

Осы жылдың мамыр айынан бастап Халел Семей облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарып, облыстағы барлық әкімшілік орындарға берілген нұсқаудың орындалу барысын қадағалап отырды. Семей облыстық қазақ съезін ұйымдастыруға белсене қатысады. 1917 жылы 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында өткізілген бұл съезде ол облыстық қазақ комитетіне мүше болып сайланады. Бұл комитет негізі жаңа құрылған уақытша үкіметке қолдау көрсете, елде комитет жұмысын жандандыру, жеңіп алған бостандықты халыққа түсіндіре отырып, халықты ішкі жаудан қорғау, ең бастысы, съезде қабылдаған құрылтай жиналысына даярлық жасау, қазақ автономиясын құру, жергілікті билік пен уақытша комитет құру, халыққа білім беру, денсаулық, дін және тағы басқа мәселелерін шешуді жүзеге асыруды мақсат тұтқан болатын.

Алаш азаматтарының шешімімен Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің редакторлық қызметін де Имам Әлімбеков, Райымжан Мәрсеков, Шынже Керейбаевтармен бірге кезектесе атқарып әр санында алаш қайраткерлерінің қызмет барысы, Алашорда үкіметінің қаулы-қарасын, құжаттарын жариялап, дүйім халықты қазақ жеріндегі болып жатқан өзгерістен, соңғы жаңалықтан хабардар етіп отырды.

Жаңа уақытша үкіметтің тапсырмасымен қазақ комитеттерін құру, Земствоға сайлау өткізу, құрылтай жиналысына сайлау жүргізу, жер және т.б. мәселеге орай бірнеше рет Зайсан уезіне іссапарға жіберіліп, уезді аралап, түсіндіру жұмысын жүргізді. Уезде орын алған кемшілік пен жүзеге асыруға қажетті іс-шараны қадағалап, жергілікті қазақ комитеттеріне алда жүргізетін міндетті жүктеп, орындалуын өзі тікелей қадағалады.

Семей облыстық қазақ комитетінің ұйымдастыруымен өткізілген съезд, кеңестің барлығына да Халел Ахметжанұлы қатысып, алда міндеттелген іс-шараларды жүзеге асырудың жолын талқылауда батыл ұсыныс айтып отырды. Мәселен, 12 қыркүйекте болған облыстық кеңестің жұмысы барысында ол қазақ комитеттерінің орыс комитеттерімен қосып, бірге қызмет ету, оқу, сот мекемесін жасау, милиция сайлау, уездік комитеттерді сайлау, азық-түлік, керек-жарақ үлестіру, земство сайлауын жүргізу, жер комитеттерін қазаққа пайдалы етіп жасау, етік тігетін шеберхана ашу сияқты жеті ірі мәселені қарастыруды ұсынды. Оның жобасы бойынша кеңес милициясын сайлау мәселесіне орай қабылданған қаулыда милиция жасақталынып, оған қажетті қаржы қазынадан бөлінетін болды.

Сонымен қатар 25 маусымдағы патша жарлығынан кейін Қытайға босып, аштыққа ұрынған қазақ-қырғыздарға ақшалай көмек беру мен оларды туған жеріне қайтару мәселесіне орай «Қазақ» газетіне жарияланған ұлт зиялыларының «Алаш азаматтарына!» үндеуіне үн қосып, қолдаған азаматтардың арасында Халел де болып, босқын қырғыз, қазақтарға ақшалай жәрдем берді.

Халелдің Алаш қозғалысына белсене араласуы, іскерлігі, ұйымдастырушы басшылығы 1917 жылы шілдеде өткен Бірінші жалпықазақ съезінен кейін ерекшеленеді. Ол осы съезд барысында Семей облысы атынан құрылтай жиналысына сайланады. Ал қазан айынан бастап Алаш партиясының Семейде уақытша облыстық комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Семей қалалық думасының шешімімен Алаш қайраткерлерімен бірге Том қаласында 8-15 қазан аралығында өткен жалпы сібірлік съезге қатысып, қазақтардың Сібір автономиясына қосылу-қосылмау мәселесіне орай өткен талқылауда өз ойын ортаға салады.

Халел ақпан революциясы қоғамда орын алған барлық мәселелерді шеше алмағандығын түсінді. Дегенмен, елдің саяси бостандық пен қоғамдық өмірді демократияландыруға деген сенімнің артқандығына көзі жетті. Сондықтан жаңа қоғамдық өзгеріске белсене араласып, өз ұлтының өмірін түбегейлі өзгертуге, жақсартуға талпынды. Алайда уақытша үкіметтің де, барлығын халыққа бөліп беремін деген большевиктерге де көңілі толмады. «Сарыарқа» газетіне жариялаған «Мемлекет күйі» деп аталған мақаласында: «Мемлекет іштен іріп-шіріп, тігісінен сөгілуге айналды... үміт үзілген сияқты, әркім әр жұрт өз басының қамын ойлап, өз күнін өзі көру жағын іздейтін көрінеді... мемлекет жұртынан елдің бәрі көше жөнелсе, біз жұртта қалмақшымыз ба, жоқ, біз де бетімізді бір жаққа бұрамыз ба, мұны 5 декабрьде басталатын жалпықазақ съезі көрсетер», – деп ішкі күйінішін білдірсе де, бар үмітті алдағы II жалпықазақ съезіне артты.

Ол бұл съезде де Семей облысынан делегат болып қатысып, автономия, милиция мен ұлт кеңесін құруға орай құрылған комиссияға мүшелікке сайланады және автономия, милиция және халық кеңесін құру мәселесіне орай баяндама жасайды. Автономияны жариялауға орай екіге жарылған топта Халел «елдегі өзге ұлттармен сөйлескенше және милиция құрып алғанша тоқтата тұралық» дегендердің қатарында болды. Сондай-ақ осы съезде милиция құрудың аса қажеттігін дәлелдеп, соның негізінде милиция құру тәртібі жасалып, алынатын қазақ жастарының жас мөлшері белгіленді және оған еріктілер жалданып алынатын болды.

Бұл жалпықазақ съезінде ол Алашорда үкіметі құрамына сайланды. Жаңа құрылған қазақ үкіметінің алдында жауапты істердің тұрғандығын, оның ең бастысы, елді билейтін автономия құруға кірісу керектігін түсінді Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Тұрғанбаев сияқты алаш қайраткерлерімен соның жолында үлкен күрес алаңына шықты. Милиция құру мәселесінде Семей облысы уездерін аралап, оның ішкі қауіпсіздікті тұрақтандырудағы маңыздылығын түсіндіретін жұмыс жүргізіп, қазақ жастарын милиция қатарына кіруге үгіттеді. Алаш үкіметінің арнайы тапсырмаларының орындалуына басшылық етті.

Семейде билік кеңес үкіметінің қолына көшкеннен кейін Халел 1918 жылдың наурыздан бастап Семей губерниялық жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Сол жылдың көктемінен Алаш қозғалысының кейбір өкілдері жергілікті кеңестермен қысқа мерзімдік ымыраға қол жеткізді. Ресми басқару органдарында мүше болып сайлана бастаған кезде ол Семей облыстық кеңесі атқару комитетінің мүшелігіне өтеді. Бұл кездерде кеңестердің тарапынан ұлттық мекемелер жойылып, олардың мүшелерін құдалай бастаған болатын. Алаш үкіметі большевиктік билікке қарсы келмеуге тырысты. Оның өзіндік мақсаты бар-тын. Кеңес өкіметінің сеніміне кіре, өздерінің көздеген Алаш автономиясын құруды. Сол арқылы ел тізгінін өз қолдарына алып, отарлықтан ада қазақ мемлекетін құруды аңсады, сол жолда қыруар жұмыстар жүргізді.

1918 жылы 20 наурызда Алашорда үкіметінің тапсыруымен телеграф арқылы Ә. Бөкейхановпен бірге Мәскеудегі кеңес үкіметінің басшысы Ленин мен халық комиссары И.В. Сталинмен жүргізген келіссөзінде ұлттарға өзін-өзі билеу құқығын беруді талап етті. Алаш үкіметін танып, Алаш автономиясын жариялауды ұсынды. Дегенмен, кеңес үкіметі Алашорда автономиясын жариялауға асықпады. Керісінше кейбір облыстарда «Алаш» облыстық комитеттерін жоюға кірісті. Мәселен, 11 сәуірде Жетісу облыстық комиссарлар кеңесі облыста орыс-түземдік қатынастарды қалпына келтіру үшін «Алаш» комитетін жою турасында шешім шығарды. Өздерінің бұл әрекеттерінің мақсатын қаулыларында біріншіден, оның құрамына төменгі тап өкілдерінің тағдырын ойламайтын байлардың мүше болуынан. Екіншіден, кедей қазақтарға қол ұшын бермейтіндігінен, үшіншіден, комитетке жиналған ақшаның нақты пайдаланылмауынан деп көрсетті.

Халел Ғаббасов үкіметтің алаш мүшелеріне қатысты ұстанып отырған бұл саясатына назары болды. Ол В.Ленин мен И.Сталинге жіберген жеделхатында жергілікті кеңес комитеттері әлі қазақ ұйымдарын құдалап, мүшелерін тұтқындап жатқандығын, Алашорда автономиясын құру мәселесінің әлі шешіле қоймағандығын батыл айтып, тез арада автономия идеясына байланысты жауап күтетіндігін жеткізді.

Кеңес үкіметінің қазақ автономиясын жариялау мәселесіне орай ұстанған немқұрайдылығы Алашорда үкіметіне өзіндік шешім қабылдауына алып келді. 1918 жылдың 11-16 маусым аралығында Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейханов пен оның мүшелері М.Тынышпаев, Х.Ғаббасовтың қол қойған бірнеше бұйрығы жарық көрді. Оның біріншісі – Алаш автономиясы территориясындағы кеңес үкіметінің шығарған барлық Жарлығын негізсіз деп тапса, екінші бұйрық Алаш автономиясы территориясында кеңестік билік жойған 1917 жылы 17 маусымда уақытша үкімет енгізген земство мекемелерін құру заңы қалпына келтіріп, болыстық земства құрылғанша, бұрынғы ақпан төңкерісінен кейін құрылған болыстық, ауылдық және селолық комитеттер заңды билік ретінде тану, үшінші бұйрық Алашордада үш адамнан тұратын әскери кеңес құру, төртіншісі облыстар мен уездерде Алашорданың кеңестерін құру, ал бесіншісі сот және тергеу комиссияларын құру болды. Сөйтіп, іске кіріскен Алашорда үкіметі облыстарда, уездерде Алашорда кеңесін құруға белсене кірісті және милиция *(әскер)* құрып, елден салық жинау мәселесін қолға алды. Алашорда үкіметі кеңес үкіметі тарапынан төнетін қауіпті сезді. Сондықтан бес қаруын асынып, большевиктерге қарсы соғысқа әзір болуға дайындық шарасын жүргізе бастады.

Халел 1918 жылдың шілдесінен Семей облыстық земство басқармасының азық-түлік, дәрігерлік ісіне жауапты болып, азық-түлікке зәру болған жергілікті халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге бар күшін салды. Семей облыстық Әскери штабына финанстық ведомствоаралық комиссия төрағасы ретінде земство басқармасынан Өскемен уезіне жіберіліп, қазақ автономиясына қатысты өткізілген съезге қатысып, Алашорда үкіметінің шешімімен таныстыруға тырысты. Уездің жалпы жағдайымен, уездік земстволық жүргізіп жатқан жұмысымен танысып, өлкені жайлаған жұқпалы ауру барысын анықтап, оны ауыздықтауға қажетті қаражаттың мөлшерін нақтылады. Көмек беру жолдарын қарастырып, өзі осы іске тікелей басшылық жасады. Сөйтіп, Алашорданың жүктеген міндетін жүзеге асыруда іскерлік таныта білді.

1918 жылдың 22 қазанында бүкілресейлік уақытша үкіметтің Алашорданың қызметін тоқтату жөнінде жарлығы шыққаннан соң алаш қайраткерлері кеңес өкіметіне бағынатынын білдірді. Олардың ұсынған қызметін атқаруға белсене кіріскен еді. Дегенмен кеңес өкіметінің бұрынғы «алаш мүшелеріне» деген сенімсіздігі, олардың белсене қызмет етуіне кедергі болды. Үкімет тарапынан жасалған қысымға, бақылауға қарамастан, Х.Ғаббасов губерниялық революциялық комитетіне мүше болып, қырғыз революциялық комитеттің өкілі ретінде Омбыдағы Сібір революциялық комитетінде қызмет етті. Семей губерниялық революциялық комитеттің ұлттық бөлімінде қызметкер болды. Қазақ автономиялы социалистік кеңес республикасы (АСКР) орталық атқару комитеті (ОАК) жанынан Ақмола және Семей облыстарын қабылдап алу үшін құрылған, С.Мендешев төрағалық еткен төтенше комиссияның құрамына енгізіліп, Ақмола мен Семей облыстарына уәкіл ретінде жіберіліп, сол облыста туындаған жағдайға байланысты экономикалық мәселені шешуге қатысады.

1921 жылы Қазақстанда аштық жайлаған кезде Халел Семей губерниялық атқару комитеті жер бөлімінің меңгерушісі еді. Осы жылдың қазанындағы Қазақ орталық атқару комитеті алқасы мәжілісінің шешімімен Орынборға шақырылып, Қазақ ОАК-нің кіші президиумында халық жер комиссариатының қолдауымен федеративтік жер комитетінің уәкілдігіне тағайындалып, аштықты ауыздықтауға белсене кірісті. 1922 жылы 9 наурызда болған Семей қазақ азаматтарының бас қосуына қатысып, ашыққан елдерге жәрдем беру мәселесіне ашыққан елге өз тұсынан жәрдем беретін айрықша қазақ комитетін жасау, Семей, Ақмола һәм басқа ашыққан губернияларға көмек көрсету және аштықты ауыздықтауға кірісетін азаматтарды партия мен кеңес қызметінен босату мәселелері жөнінде қабылданғаны ірі қаулыны қолдады. Семей облысына босып келген аштарды азық-түлік қамтамасыз етуге тікелей басшылық етті.

Кеңес үкіметі бұрынғы алашордашыларға кешірім жасағанымен, 20 жылдан бастап олардың үстінен жасырын түрде мәлімет жинап, басқан ізін бақылауға алды. Құпия түрде тізімделген алашордашылардың қатарында Халел Ғаббасов та бар-тын. «Оған Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен тығыз байланыс жасап, кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізді» деген айып тағылды. Басына түскен қиыншылыққа, жаппай тексеріске қарамастан, ол кеңес қызметіне белсене кірісіп, мәдениет, ағарту салаларына қызу араласты. 1922 жылдың желтоқсанынан Семей қырғыз (қазақ) педагогикалық техникумында алгебрадан дәріс берді. 1923 жылдың желтоқсанынан 1925 жылдың қарашасына дейін Алаш қаласындағы аудандық ауыл шаруашылығы одағында жұмыс істеді. Орыс географиялық қоғамының толық да мүшесі болып, өлкенің тарихына қатысты зерттеулерге қатысып, түрлі іс-шараларды ұйымдастырды. Қоғамның 1924 жылдың 29 желтоқсанда қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 20 жыл толуына орай ұйымдастырылған әдеби кешінде «Ибраһим *(Абай)* Құнанбаевтың биографиясы мен әдеби шығармашылығы» тақырыбында ғылыми баяндама жасап, ұлы ақынның өмір жолдарымен, өлеңдерінің маңызымен таныстырды. Осылайша Халел Абай Құнанбаевтың тұлғалық қасиетін ұлықтауға өзіндік үлесін қосты.

1920 жылдың ортасынан «халық жауы» ретінде тұтқындалғанға дейін Халел бірнеше жауапты қызметтер атқарды. 1926 жылдың қазанында тұтқындалып, тергеуге алынды. Тұтқындалуына бірініші́ден, оның Алаш қозғалысына қатысқан ұлт зиялыларымен тығыз байланыста болуы болса, екіншіден, Семей губерниялық революциялық комитет басшыларына қарсы шығуы, әр мәжілісте орыс өкілдерінің ұлт мәселесіне қатысты ұстанымын өткір сынға алуы еді. Оның осы әрекеті 1920 жылдың соңында тағы да алдынан шығып, саяси құғын-сүргінге ілігуге себеп болды. 1928 жылы Халелдің үстінен екінші рет іс қозғалып, 15 қарашада тұтқындалып, түрмеге қамалады. Тергеу барысында «оған саяси ұстанымына, таптық жікке, кеңес өкіметінің қоныс аудару, шикізат өндіру, халыққа білім беру саясатына, Алашорда қозғалысына, 1916 жылғы көтеріліске, коммунистік партияға» деген көзқарасына және тағы басқа да мәселеге қатысты сұрақ қойылған екен.

Халелмен байланысы бар деген барлық адам жауапқа алынған. Ұлт зиялыларын бір-біріне айдап салу арқылы шатастырып, ақырында қажетті сұрағына жауап тапқандай болған. Сөйтіп, оларды өтірік айғақтар арқылы бір-біріне қарсы қойып, ақыры сотталуына, атылуына лайықты дәлел жинаудың амалын тапты.

Тергеуші Халелдің ісінен еш нәрсе таппағаннан кейін оған баспасөз арқылы айыбын мойнына алып, кешірім сұрауды ұсынады. Бірақ ол үзілді-кесілді бас тартып, өзінің әр ісіне, әр сөзіне адал екендігін тергеушіге берген жауабымен көрсете білді. Өзімен бірге істі болған азаматтармен 1929 жылдың 17 шілдесінде Мәскеуге Бутырка түрмесіне жөнелтілді. 1930 жылдың 4 сәуірінде Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы (ОГПУ) сот коллегиясының шешімімен №78754 іс бойынша Қылмыстық Ережесінің 58-бабының 2-тармағына сәйкес оған «кеңес территориясында қарулы көтеріліс жасап, үкіметті басып алуды көзделі» деген айып тағылып, ату жазасына кесілді. Басқа алашордашылардың ісі қайта қаралған кезде, ол бұл рақымшылыққа ілінбей, шығарылған үкім өзгеріссіз қалып, 1931 жылдың сәуірінде атылды. Тек 1988 жылғы 4 қарашадағы Жоғарғы соттың шешімімен оған тағылған айып негізсіз деп табылып, ақталды.

Ұлт азамат, бар ғұмырын Алаш жолына сарп еткен Халел Ахметжанұлы қызыл империяның қанды шеңгелінің құрбанына айналса да, қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігі, ұлттық мүдде жолындағы күрескерлігі, батыл ұстанымы ел жадында сақталып қалды.

Светлана СМАҒҰЛОВА,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Кәсіпкерлік

БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ

Экспорттық стратегияны құру еліміздің шетел инвестициясын тарту ісіндегі көшбасшылығын сақтап қалуға бағытталған. Мемлекеттік кіріс мекемелерінің ұсынысымен былтыр Салық кодексіне өзгеріс енгізіліп, шет мемлекеттен келген қаражат жергілікті мемлекеттік кіріс департаменті тарапынан қатаң бақылауға алынады.

Бұл саланың негізгі қызметіне қатысты тапсырманың бірі – бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту. Еліміздегі басты стратегиялық мақсаттың бірі – елдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлес салмағын 2050 жылға қарай кем дегенде 50 пайызға жеткізу. Осыған орай, жаппай кәсіпкерлікті қолдау тетігін одан әрі жетілдіру мақсатында былтырдан бері жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу алымы алынып тасталса, биылғы 1 қаңтардан жеке кәсіпкер ретінде тіркелу ісін оңайлату үшін аталған қызмет хабарлама тәртібіне көшірілді. Енді жеке кәсіпкердің тіркелгені жөнінде салық мекемесінен арнайы құжат алуы міндетті емес.

Алматы облысы бойынша мемлекеттік кіріс департаментінің ақпаратына сенсек, аталған мекеме ұсынған 1 миллион 116 мың 441 мемлекеттік қызметтің 876 мың 120-сы электрондық түрде көрсетілген. Бұл өте жақсы нәтиже. Сондай-ақ мемлекеттік бюджетке түсетін кіріс бойынша былтыр жылдық жоспар 251 733 миллион теңге болса, түсімі 264 563 миллион теңгені құрады. Яғни жоспар 105,1 пайызға орындалып, 12 829 миллион теңге табыс түсіпті. Бұл орайдағы көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда, 11 130 миллион теңгеге артып, өсу қарқыны 104,4 пайызды құраған. Жергілікті бюджет бойынша 135 285 миллион теңгенің жоспары 103,4 пайызға орындалып, 139 831 миллион теңге салық түсімі түсті. 116 448 миллион теңгелік республикалық бюджет жоспары 107,1 пайызға артығымен орындалып, 124 732 миллион теңге түскен. Яғни жоспардан тыс 8 283 миллион теңге мемлекет қоржынын молайтты. Биылғы жыл басынан мемлекеттік бюджетке 4 196 салық төлеуші бойынша 11 485 миллион теңгеге қосымша түсім қамтамасыз етіліпті.

Жақында 1 мамыр мен 30 қараша аралығында өтетін «Түбіртекті талап ет – жүлде ұтып ал!» акциясы басталды. Оның негізгі мақсаты – тұтынушының құқығын қорғау, кәсіпкерлер арасында адал бәсекелестік тудыру мен республикалық бюджетке салық есебінен түсетін түсім көлемін арттыру.

Елбасының биылғы Жолдауы еліміз үшін маңызды қоғамдық-саяси құжат саналады. Басты бағдарламалық құжатта мемлекет дамуының таяу жылдарға арналған маңызды басымдығы қарастырылған. Осыған орай алда үлкен жұмыс күтіп тұр. Халықтың қолдауымен және әр азаматтың жауапкершілігін арттыру арқылы мемлекет басшысы ұсынған міндеттерді сапалы және тиімді орындаймыз деп айта аламын!

Инвестиция

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру үшін биыл облысымызда жалпы 8 млрд 513 млн теңге бөлінді. Бағдарлама шеңберінде «Бастау бизнес» бойынша жеті оқу орны белгіленіп, алғашқы оқыту аяқталды. Қазіргі кезде үш жүзден аса адам екінші бағыт бойынша оқытылуда. Басымдығы бар салалардағы бәсекеге қабілетті экспорттық өндірісті дамытуды көздейтін индустрияландыруды жалғастыруда.

Облыстың инвестициялық ахуалын жақсартып, инвестиция тарту мақсатында Қытайдың Үрімші қаласында және «Жетісу Инвест – 2016» екі инвестициялық форумы өткізілді. Нәтижесінде 3,7 млрд долларды құрайтын 39 меморандумға қол қойылып, инвестиция көлемі 756,7 млн долларды құрайтын жиырма инвестициялық жобаны іске асыру бойынша Жол картасы әзірленген. Жол картасын жүзеге асырудың нәтижесінде он бір жобаға мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бес жоба көмек алу кезеңінде, біреуі «Қорғас» арнайы экономикалық аймағынмен келісілуде. Инвестиция тарту мақсатында құны 530,9 млрд теңгені құрайтын 63 инвестициялық жобаға мониторинг жүргізілуде. Осы жобаларды іске асыру барысында 10 мыңнан аса жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Экспорттаушыларға «бір терезе» қағидаты бойынша өңірлерде қолдау көрсету керек. Инвестициялық жобалардың іске асырылуына жанды көмек көрсету үшін «Алматы облысының өңірлік даму» ЖШС «бір терезе» қағидасымен инвесторларды қолдау орталығы өз жұмысын атқаруда. Сонымен бірге инвестициялық портал әзірленді. Қазақстанда өндірістер ашу жөнінде Қытаймен бірлескен инвестициялық бағдарламаны тиімді жүзеге асыру керек.

Сондай-ақ Елбасы Жолдауында Қытаймен қарым-қатынасты нығайту тапсырмасын қойды. Осыны іске асыру мақсатында аспан асты елінің қатысуымен қомақты қаражатты құрайтын бес инвестициялық компаниялардың қатысуымен 251,7 млрд теңгенің өнімін өндіріпті. Жаңа еуразиялық логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес. Бүгінде Құрғақ порт және «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнаулы экономикалық аймақтың инфрақұрылымының құрылысы аяқталды. Қорғас халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығында және алты индустриялық аймақтың инфрақұрылымын дамыту бағытында жұмыс жүруде. Сонымен бірге Ақсу, Алакөл, Балқаш, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Райымбек, Сарқан, Талғар, Ұйғыр, Панфилов аудандары мен Текелі қаласында өнеркәсіп алаңдарын дамыту үшін жер телімі белгіленіп, төрт өндіріс алаңын құру бойынша жұмыс жүруде.

Қазір Алматы облысы әлемнің 92 мемлекетімен сауда-саттық жүргізеді. 39 мемлекетке тауар сатылып, 86 мемлекеттен тауар әкелінеді. Қаңтар-наурыз айларында сыртқы сауда тауар айналымы 296,4 млн долларды құраса, экспорт 57,6 млн, импорт 238,8 миллионды құрды. Экспорт бойынша Ресей, Беларусь, Украина, Қырғызстан, Өзбекстан және Ауғанстан мен Тәжікстан негізгі сауда жасайтын әріптестер болып саналады. Ал импорт бойынша Ресей, Қытай, Түркия, Германия, Италия мемлекеттерімен байланыс орнатылған. Экспорттық бағдарланған 40 кәсіпорынды қолдау үшін өндірілетін өнім экспортын жылжытуда экспорттаушыларға кеңес беретін мекеме құрылды.

Бастама

САНҒА ЕМЕС, САПАҒА МӘН БЕРГЕН ЖӨН

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Панфилов ауданына жасаған жұмыс сапары барысында «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы (ХШЫО) әкімшілік ғимаратында шекара маңы аумағында бірқатар маңызды жобаны жүзеге асырып жатқан бас мердігерлермен және инвесторлармен жиын өткізді. Кездесуде «Қорғас» ХШЫО–ны дамыту тақырыбы сөз болды.

Жиын барысында облыс басшысы қатысушыларға жеті жобаны жүзеге асыруға байланысты нақты сауал қойды.

«Бүгінгі күні сіздер айналысып жатқан жобалардың жүзеге асырылуы бәсең. Сондықтан барлық бағыттағы жұмысты жеделдету керек. Әрбір мердігер инвесторымен бірге қазіргі кезде «құрылыс жүріп жатқан алаңда не жасалып жатыр, болашаққа қандай мақсат қойылып отыр, бұл мақсаттар қалай орындалуда және нысандар қашан пайдалануға беріледі?» – деген ең басты сұрақтарға жауап бере алуы тиіс. Осы жиынның алдында құрылыс алаңдарын тағы бір аралап шықтым. Бірақ көргенімнің бәріне көңілім толды деп айта алмаймын. Жұмысты дұрыс жолға қою керек», – деген облыс әкімі «Ең бірінші кезекте барлық жұмыс еліміздің заңнамаларына сәйкес жүргізілуі керек. Ең бастысы, сапа және барлық құрылыс талабы мен ережесі сақталуы тиіс. Сәулеттік шешім де аса маңызды, эстетикалық талап пен талғам болуы керек. Тағы бір негізгі бағыт, ол қазақстандық мазмұн, яғни отандық құрылыс материалын қолдану қажет, – деп атап өтті.

Жалпы бүгінгі күні «Қорғас» ХШЫО-да жеті жоба жүзеге асырылуда. Оның арасында қонақүй, сауда үйі, сауықтыру кешені және басқа да нысан бар. Инвестицияның жалпы көлемі 290 млрд теңгені құрайды.

«Тюльпан-Қорғас», «Виктория Сити», «Қолөнершілер қаласы», «Қорғас-КАТ» сияқты бірқатар инвестор-құрылыс жүргізушілердің әрқайсысы атқарып жатқан жұмысы туралы баяндады. Облыс басшысы қазіргі кезде ХШЫО аумағында күнделікті жұмыс жиыны өтетінін айтты. Бұл жобалардың жүзеге асырылуын бақылауға мүмкіндік береді.

Мәселен, «Хуан Шыңғыс» ЖШС компаниясы сауда үйінің құрылысына 1 маусымнан бастап кіріссе, «Виктория Сити» ЖШС құрылысы шілденің ортасында басталуға тиіс құрылыстың рұқсат қағазын енді ғана алып отыр. Ал «Қолөнершілер қаласының» құрылысын белгіленген мерзімде аяқтау үшін жұмысшы санын ұлғайту керек. Мұндай ірі жобаны жүзеге асыру белсенді жұмысты талап етеді. Сондықтан облыс басшысы құрылыс алаңында жұмыстың қайнап жатуы тиіс екенін айтты.

Құрылысты жүргізіп жатқан инвесторларды тыңдаған А.Баталов әр нысан бойынша тиісті тапсырма беріп, жиынды қорытындылады.

А.Баталов «Сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін ең алдымен құрылыс алаңындағы жұмысты дұрыс ұйымдастырып, жұмысшыға қажетті жағдай жасау керек. Өздеріңізге алған барлық міндеттемені, әсіресе жалақыға қатысты міндеттемені орындауға тиіссіздер. Ал еңбек қауіпсіздігі мәселесі ең басты назарда болуы керек», – деді.

Құрылыс

НӘТИЖЕ БАР, КЕМШІЛІК ТЕ ЖОҚ ЕМЕС...

Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов қаладағы бірқатар нысанды аралады. Өңір басшысы атап көрсеткен нәтиже мен түзетілуі тиіс кемшіліктің бірқатарын біз де көріп қайттық.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары алдымен, Талдықорған әуежайына ат басын тіреді. Өткен жылы күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген нысанның бүгінде әлеуеті арта түскен. Ұшып-қону алаңында сапалы жұмыс атқарылғаны көрініп тұр. Алайда әуежай ауласындағы санитарлық жағдайдың нашарлығы, кейбір қалтарыс жерлердегі күл-қоқыстың толық тазаланбауынан туындаған кемшілік байқалып тұр. Ләззат Махатұлы осы кемшілікті жою керектігін тиісті мекеме басшыларына тапсырды. Осыдан кейін жұмыс тобы «Қаратал» шағынауданындағы ашық шомылу алаңын аралап шықты. Нысанды қайта жаңғырту жұмысының қарқын алғаны бірден аңғарылады.

Десе де, мұнда көңіл толмайтын тұсы бар. Әсіресе, судан құтқару қызметінің дайындығы өңір басшысының сынына ұшырады. Қазір шомылу алаңына су жіберіліп, суға шомылу басталып кетті. Сондықтан облыс әкімінің бірінші орынбасары құтқарушыларды моторлы қайықпен жабдықтап, әр қандай жағдайға дайын болу керектігін тапсырды.

Ләззат Махатұлы келесі кезекте «Қаратал» шағынауданындағы азаматтық үкіметке арналған ғимаратта болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында салынып, белгілі себептермен құрылысы тоқтап тұрған ғимарат келесі жылы қала әкімдігі мен оған қарасты бөлімдердің қызметтік ортасына айланбақ. Қазір ондағы жұмыстың жүргізілуі ойдағыдай.

Бірақ Орталық саябақтан қарқынды жұмыстың ыңғайын көрмедік. Десе де жауапты мекеме басшылары жобаның белгіленген мерзімде бітетіндігіне сенімді. Абай мен Қабанбай көшелерінің қиылысындағы бірнеше облыстық басқарма орналасатын ғимаратты әрлеу жұмысы басталыпты. Ләззат Махатұлы жұмыстың сапалы жүріп жатқанына ризашылығын білдірді.

Осы күні қала тұрғындары Ардагерлер саябағына сенбілікке шығыпты. Жалпы, саябақтағы сенбілікке 700 адам жұмылдырылып, 54 техника тартылған. Күні бойғы тынымсыз еңбектің нәтижесінде айтарлықтай күл-қоқыс шығарылып, тазаланған. Саябақты аралап шыққан Ләззат Тұрлашов Ардагерлер саябағын абаттандыру жұмысын алдағы уақытта мықтап қолға алу керектігін айтты. Айта кетерлігі, биыл да қаламызда құрылыс жұмыстары қарқын алуда. Қазірдің өзінде несиелік, коммуналдық, жалдамалы 7 тұрғын үй салынып жатыр. Жақын арада екі үйдің құрылысы аяқталып, тұрғындар қуанышы еселене түспек. Ләззат Махатұлы осы үйлерді аралап, құрылыс жұмысымен танысып шықты.

Сөйтіп, бір күнін қаланың маңызды нысандарындағы жұмыс сапасымен танысуға арнаған облыс әкімінің орынбасары жетістікті мақтап, кемшілікке сын-ескертпе айтты. Кемшілікті уақытылы түзету міндетін жауапты тұлғаларға жүктеді.

Мемлекеттік бағдарлама

ТАБЫСТЫ ЖОБА

Күләнда Батырбекова Алматы облысы Талғар ауданында «Дана» жеке білім беру мектебін, көп ұзамай мемлекеттік қолдауды пайдаланып «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында бірнеше балабақша ашады. Соның бірі – Іле ауданындағы «Еркем–Ай» балабақшасы.

Аталған жобалар мемлекеттік жекеменшік әріптестік негізінде жүзеге асты. Осы бойынша мемлекет шаруашылық-коммуналдық шығындарды өтейді. Күләнда Уәлиханқызы «Бүгінде мемлекеттік балабақшалардың болғанына қарамастан, елде мектепке дейінгі мекемелерге деген қажеттілік ерекше. Осыны ескеріп, балабақшалар ашуды қолға алдық. Әрине, мұндай жобаларды жүзеге асыруға мемлекет пен «Даму» қоры қол ұшын созып, қор несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға көмектесті. Сондай-ақ несиені рәсімдеу кезінде кепілзат жеткіліксіз болып, кордың кепілдемесін алдық», – дейді.

Жүз орынды балабақшада барлық жағдай жасалған. Онда жоба жүзеге асырылып, төрт мыңнан аса жұмыс орны ашылды. Алдағы уақытта, яғни 2018-2020 жылдары алты жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Облыста жиырмадан аса кәсіпорын трансұлттық мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдері оқытылады. Жалпы, Күләнда Уәлиханқызының білім беру бойынша тәжірибесі мол.

Демек, өңірде атқарылған осындай ауқымды жұмыс осыған дейін аграрлы аймақ атанып келген Жетісу жерін өндірісі өркендеген инновациялық белсенділігі шымыр аймаққа айналуын тездетуде.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС,
Алматы облысы

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Сенім

Алматы облысы Қарасай ауданына қарасты Жамбыл ауылдық округінде 12 мың адам тұрады. Жыл сайын тұрғындар санының артуына байланысты балаларды мектеппен қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналуда. Қазіргі күні Жамбыл ауылындағы 600 орынды мектепте 1600 бала үш ауысымда білім алуда. Оның ішінде 600 оқушы өзге ауыл мен саяжайдан келеді. Сондықтан «Нұрлы жол» бағдарламасына сәйкес жаңадан салынып жатқан 600 орынды мектеп жалпы жұртшылықтың қуанышына айналып отыр.

ЖҰМЫС ЖОСПАРҒА САЙ

Айта кетерлігі, мектеп құрылысы «Қазақстандық мазмұн» бағдарламасына орай отандық материалмен салынып, жабдықталуда. «Құрылысшы ТБС» компаниясының директоры Батырхан Тоқтаев кедергіге қарамастан, ғимараттың 25 тамызда пайдалануға берілетініне сенімді.

Ол «Құрылыс жұмысы сәл кешіктіріліп, өткен жылдың қыркүйек айында басталды. Бірақ біз бүгіндері қауырт қимылдай отырып, белгіленген кестеге сәйкес жұмыс атқарудамыз. Қазірдің өзінде мұнда жұмыстың 70 пайызы жасалынды. Құрылыста 182 адам екі ауысымда жұмыс істеуде. Үлкен еңбек ұжымының әрбір мүшесі өздеріне жүктелген міндетті сезіне отырып, қызметін сапалы атқарып келеді. Ендеше, қанша қысылтаяң болғанымен мектепті жаңа оқу жылы басталғанға дейін бітіреміз», – дейді.

Айтса айтқандай, бүгіндері мектеп құрылысына бөлінген 1 млрд 737 млн теңгенің 610 млн теңгесін игеру ғана қалған. Ғимараттың ішкі-сыртқы әрлеу жұмысы қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар 2,5 шақырымнан электр желісі, 1,5 шақырым жерден газ құбыры тартылып, қосуға дайындалып қойылған. 280 метр тереңдіктен ұңғыма арқылы таза су шығарылып, өртке қарсы су сақтайтын резервуар да пайдалануға дайын тұр.

Десе де, құрылыс жұмысы барысында ескерілмеген кемшілік те бар көрінеді. Мекеме мамандарынан білгеніміздей, мүгедек жандардың жүріп-тұруына арналған арнайы құрылғы толық назарға алынбаған. Ғимаратқа кіретін пандус бар болғанымен, олардың төбесіндегі шатыры, мүгедектер арбасы сиятын дәретхана ойластырылмаған. Ал құрылыс компаниясының басшылары ресми рұқсат беріліп, қаржы қарастырылған жағдайда аталған мәселелердің тез шешімін табатынын алға тартады. Орындалуы оңай осындай олқылықтар болмаса, құрылысшылардың жұмысы қарқынды. Демек, күзге қарай жетісулық оқушылар тағы да бір жаңа ғимаратта білім алатын болады.

Жәрмеңке

Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесі өтіп жатқан Астана қаласында өңірлік тауар өндірушілердің кезекті жәрмеңкесі өтті. Бұл жолы Елорда тұрғындарына Алматы облысының шаруалары бау-бақ пен бақшалық өнімін жеткізді. Жетісу аймағының үш қаласы мен он алты аудан орталығынан келген шаруалар 1 млрд теңгенің 2800 тонна өнімін ұсынды. Жәрмеңкеде 250 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер көкөніс пен жеміс-жидек, бақша дақылын саудалады.

САПАСЫ ЖАҚСЫ, БАҒАСЫ АРЗАН

Айта кетерлігі, жетісулық шаруалардың өніміне тұтынушы тарапынан сұраныс жоғары болды. Астаналықтар картопты көптеп сатып алды. Сондай-ақ құлпынай, шие, балық және сүт өнімдері де жақсы саудаланды. Облыс әкімдігі өкілдерінің айтуынша, ЭКСПО – 2017 көрмесі кезінде облыстан Астанаға 19 мың тонна өнім

жеткізуді жоспарлап отыр. Оған дайындық та мығым. Өйткені, облыста күн сайын 7 мың тонна өнім жеткізетін дистрибьюторлық компаниялар бар. Ал жылжымалы жәрмеңкелерде шаруалар 12 мың тонна өнім әкеледі. Мұндай шара облыс кәсіпкерлері үшін аса тиімді. Сондай-ақ облыста рефрижератор фуралар бар. Барлық өнім сонда сақталады.

Осындай сауда жиындарында Астананың ауыл шаруашылығы басқармасы өкілдерінің қойылған өнімдердің бағасына мониторинг жүргізіп, санитарлық талапты қадағалайтындығын айта кеткен жөн. Баға саясатын бақылағаннан тыс мұнда ертемен ветеринар дәрігерлер келіп, жұмыс істейді. Олар арнайы зертханаларда сынама жүргізіп, азық-түлік құрамында қауіпті заттардың бар-жоғын анықтайды. Сонымен қатар жәрмеңкеде тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің, қалалық әкімдіктің өкілдері де кезекшілік атқарып, саудагер-диқандардың, шаруалардың құжаттарын тексереді. Сауда сөрелеріне тауарлар толық тексерістен өткеннен кейін ғана қойылады.

Тағы бір жаңалық, жәрмеңке аясында өңірлік тауар өндірушілер Елорданың мұқтаж отбасыларына, жетім балаларға, әлеуметтік жағынан аз қамтылған топ өкілдеріне қолынан келген көмектерін көрсетті. «Мейірімділік М» қоғамдық қоры бастап, шаруалар қолдаған қайырымдылық шарасында жәрдем алушылар ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне шақырылып, оларға жеміс-жидектер, көкөністер және кулинарлық өнімдер үлестірілді.

Жақсылық жаса

ІЗГІЛІК БАСТАУЫ

Алматы облысындағы Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек ауылындағы «Әйгерім» дәмханасында «Бәрі рахмет үшін» атты әлеуметтік дүкен ашылды.

Жаңа ашылған дүкеннің ерекшелігі – әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасылар өзіне қажетті киім-кешекті, тұрмыстық затты еш ақысыз тек «Рахмет» деген сөзді айтып қана ала алатындығында.

– Қайырымдылық – адамгершіліктің белгісі. Қамқорсызға қамқор болу, тағдырдың жазуымен жаралы болғандарға жәрдем беру, қазақ қоғамында байырғы заманнан келе жатқан дәстүр. «Бәрі рахмет үшін» дүкенінің ашылуы жерлестеріміздің адамгершілік қалыбын көрсетіп тұр. Осы дүкеннің ашылуына ұйытқы болған аудандық іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлсара Әмірееваға және атсалысқан барлық азаматқа шын жүректен алғысымды білдіремін дейді аудан әкімінің орынбасары Болысбай Толысбайұлы.

Ал облыстық кәсіпкерлер палатасының Кербұлақ аудандық филиалының директоры Болат Тастанбеков бұл бастаманы жақсы ырымға балап отыр. Осындай игілікке жол салуға белсенділік танытқан «Айсұлу» сауда орталығындағы кәсіпкерлер Ләззат Оразымбетоваға, Фарида Қожахметоваға, «Әйгерім» кафесінің меңгерушісі Қарашаш Әбішеваға, «Аружан» дүкенінің иесі Гүлжазира Жақсыбековаға, «Нұрдуман» ЖШС иесі Айтбай Шаттыққа, «Ақжан» наубайханасының иесі Нұрлан Құрманбековке және ауыл тұрғындары Ләззат Момбаева мен Баян Байболоваға шынайы алғысын білдірді.

– Дәл осындай дүкен өткен жылы Талдықорған қаласында ашылды. Тіпті қазір еліміздің әр аумағында әлеуметтік нысандар халыққа тегін көмек көрсетіп келеді. Ойды ой қозғап, осындай дүкен бізге де қажет деп осы істі қолға алдым. Алдын ала біраз дайындықтар жасап, ауданымыздағы кәсіпкерлермен кеңестім. Нәтижесі жемісті болды. Дүкеннің ашылуы қасиетті ораза айына дөп келуінің өзін жақсылыққа баладым. Алдағы уақытта аяқ киімдер, ойыншықтар жалпы, тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтар алып келемін деген демеушілердің қатары қалың. Алғашында жүрексінген едім, қазір жерлестерімнің кең пейілімен-ақ бар қоркынышым басылды, – дейді дүкен иесі Гүлсара Сатанқызы.

Қайырымдылық дүкенінің лентасы қиылып, бірінші жұмыс күнін аяқтағанда-ақ, оның ертеңгі күнінің нәтижемен өрілетін белгілі болды. Өйткені, сол күні дүкенге келген әр адам өзіне керекті дүниесін тауып, көңілденіп қайтып жатты. Осы қуанышқа куә болған өңір кәсіпкерлері де алдағы уақытта дүкенге өздері тарапынан көрсетілетін қандай да бір қолдау болса, аянып қалмайтынын айтып, сенім білдірді. Қашанда жесірін жылатып, жетімін қаңғыртпаған қазақ жері бүгінгі дәуірдегі қайырымдылық ұғымын жаңарған тұрғыда жалғастырып жатыр.

Мәселе

Алматы облысында рұқсатсыз салынған үй құжатын тіркеу құны үй салуға кететін шығыннан қымбат. Бүгінде өңірдегі 13 мыңға жуық отбасы салып біткен үйлерін тіркете алмай сотты жағалап жүр. Рұқсатсыз салынған құрылыс сот саласын әбігерге салып қойды. Осы тұрғыда облыстық сотта 2015 жылы 2651, 2016 жылы 1622 талап-арыз қаралса, биылғы 5 айда 354 талап-арыздың 228-і қаралып, қанағаттандырылған. Әсіресе, Алматы қаласына іргелес орналасқан Іле, Қарасай, Талғар аудандарының тұрғындары үшін бұл бас ауыртып, балтыр сыздататын жағдай. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында облыстық соттың судьясы Арыстанбек Стыбаев айтты.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ

Бұл келеңсіздік 2015 жылы өзгерту мен толықтыру енгізіліп, өткен жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген «Сәулет – қала құрылысы туралы» Заңның жетілмеген баптарынан туындап отыр. Айталық,

«Сәулет-қала құрылысы туралы» Заңның 74-бабының 1-тармағында: «Меншік иесі *(тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы)* құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес нысанды өз бетінше қабылдауды жүзеге асырады», – деп жазылса, мұндай жеңілдік осы баптың 3-ші тармағында: «осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, сейсмикалық қауіптілігі жоғары не өзге де геологиялық *(гидрогеологиялық)* немесе геотехникалық жағдайы ерекше аудандарда, сондай-ақ ерекше реттелетін аймақта орналастырылатын *(орналастырылған)* нысанға қолданылмайды», – деп көрсетілген.

Алматы облысы сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймаққа жататындықтан, үйді тіркеу жұмысын арнайы комиссия қабылдайды. Заң талабы бойынша жетісулықтар үй салу үшін алдымен болашақ нысанның жобасын сыздыруы, экспертизадан, санитарлық, авторлық, экологиялық, сейсмикалық сараптаудан өткізу керек. Оның қорытындысын мемлекеттік және жекеменшік мекеме мамандарынан құралған комиссия береді. Жоғарыдағы аталған құжат дайын болғаннан кейін үйді қандай материалдан тұрғызу, сейсмикалық өңірде үй сала алатын құрылыс компаниясымен бірлесе құрылыс жұмысын жүргізу керектігін де комиссия қадағалап отырады.

Әр деңгейдегі әкімдік сол өңірде тіркеуде тұрған, жер, үй кезегінде бар азаматтарға екі жылдық уақытша тіркеу жолымен жер телімін береді. Демек, жерге ие болғандар екі жылда тиесілі жеріне өз мақсаты бойынша құрылыс жұмысын жүргізіп, тәртіп бойынша тіркеп, ұзақ мерзімді меншіктеу құқығына қол жеткізу керек. Алматы облысының тұрғындары екі жылда нысанды тұрғызып үлгермейді. Жеке тұлға жерді белгіленген екі жыл шегінде өз мақсатында пайдалана алмағандықтан, Жер кодексіндегі белгілемелер бойынша жерді меншіктеу құқығы күшін жояды. Уақытша тіркеу уақытын екі жылдан ары ұзартуға жергілікті үкіметтің құзыреті жетпейді. Сонымен, жеке тұлға сотқа жүгінеді.

Брифинг барысында облыстық сот пен прокуратура Парламентке арнайы сауал дайындап жатқаны туралы да айтылды.

Денсаулық

Алматы облысы әкімінің орынбасары Жақсылық Омар және әлеуметтік салаға жауапты басқарма басшылары Талғар ауданының тыныс-тіршілігімен танысты. Әлеуметтік нысандарды аралап, шешілуі тиіс мәселеге ден қойды.

НАУҚАС ЖАНАШЫРЛЫҚҚА МҰҚТАЖ

Атқамінерлер бірінші кезекте студенттердің арыз-шағымынан соң күрделі жөндеуден өткен Талғар медициналық колледжінің жатақханасына бас сұқты. Аталған білім ордасында 978 тәлімгер тәрбиеленуде. 250 орынды жатақханаға студенттер сыйымай жатады. «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Талғар филиалының нысаны талапқа сай емес. Құжат жертөледе сақталады. Ауа температурасы да стандартқа сай емес. Сондықтан болашақта жеке ғимарат салу болмаса, ғимарат сатып алу мәселесі назарға алынды. Облыстық медициналық-әлеуметтік оңалту және психотерапия орталығының нысаны жөндеу құрылыс жұмысын қажет етеді. Психологиялық ауытқуы бар науқасқа жағдай жасап, заман талабына сай емдеу шарасы сөз болды.

«Оларға науқас деп емес, сау адам ретінде қараңыздар. Қолдарынан келген іспен айналыссын. Бос уақыттарын тиімді пайдаланып, еңбек етсін», – деген Жақсылық Мұқашұлы үлкен мән берген жағдайда науқастардың сауығып кететініне сенім білдірді. 10 жылдан бері мүлдем жөндеу жүргізілмеген аудандық мәдениет үйінің жағдайы сын көтермейді. Қазір шатырын жөндеуге қаражат бөлінді. Кейін толық құрылыс жұмысы жүргізіледі.

Орталық аурухананы аралау барысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды тұрғындарға түсіндіру шарасына назар аударылды. 2016 жылы аудан бойынша 3320 нәресте дүниеге келсе, жыл басынан бері 1504 сәби өмір есігін ашқан. Аналардың басым көпшілігі қан аздық науқасымен ауырады. Тұрғындардың қатерлі ісікпен сырқаттану көрсеткіші де жоғары. Талғар ауданы мемлекеттік маңызы бар жол бойында орналасқан соң көлік апаты жиі орын алады. Облыс бойынша жол апатынан жарақаттанушылар саны бойынша 2-орында тұр.

Жиынында аудан әкімі Райхан Садыкова өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен таныстырды. Сөз алған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар мектептегі үш ауысымды оқу жүйесін болдырмау үшін жаңа оқу жылына дейін 5 жаңа мектептің пайдалануға берілетінін жеткізді. Сондай-ақ ол жастар арасындағы жұмыссыздық пен қылмысты азайту керектігін айтты. Қатысушылар тарапынан «тарихи-өлкетану музейі ашылса екен» деген ұсыныс түсті.

Іссапар барысында басшылық заман талабына сай жабдықталып, тұрғындардың спортпен айналысуына жағдай жасап отырған Triumpher спорт кешені, Almaty Horse&Polo Club ат-спорттық кешені, AIBA әлемдік бокс академиясын аралап, қызметіне тәнті болды. Сондай-ақ «Ақбұлақ» балалар лагері тек қыста ғана емес, жаз мезгілінде де оқушылар мен туристердің демалуына мүмкіндік ашып отыр.

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ӘРІНІТЕСТЕРДІҢ ӘЗІЛІ

Қалам ұстап жүрген ағайынның да қылы-қылысы болады. Аузынан шығатын әр сөзді екшеп, ақыл таразысына салып, байыппен айтатындары, аланғасарланып отырып, білімсіздігін білдіретіндері де.

Сауалына қарай жауабы

1990 жылдардың басы. Бұрынғы Көкшетау облыстық телерадиокомитетінде қызметтеміз. Жолсапарға жиі шығамыз. Әйтеуір шыққан соң материалды көбірек қамтып қалайық деп, басшылар тележурналистке радио қызметкерін қосақтап жібереді.

Бірде Ленинград ауданына бардық. Негізінен астықты аудан болғанымен, қойды да мыңғыртып көп бағады. «Айсары» кеңшарының басшылары жұмысына адал, тындырымды, малсақ жан, осы кісі туралы жазсаңыздар жөн болар деп, бір аға шопанды лайықты көрді.

Түс мезгілі болатын. Аға шопанмен ілесіп үйіне келдік. Іле телекамераны құрып тастап, сұхбат алудың қамындамыз. Радиожурналист С. деген азамат болатын. Екеуіміз екі жақтан сұрақты қарша боратып жатырмыз. Әдеттегідей малшы, қойшыға қойылатын жаттанды сұрақ, жаттанды жауап.

– Ақсақал, әр қойдан қанша жүн қырқып, жүз қойдан қанша қозы аласыз? – деп сұрап қояды радиожурналист.

– Малдың күйі жаман емес, жем-шөбі жеткілікті. Енді аз уақыттан соң көкке аузы жетеді ғой, – дейді аға шопан, – мен сек бағамын ғой, былтыр әр басынан үш келіден асырып жүн қырықтым.

– Қанша қозы алатыныңызды айтпадыңыз ғой?

– Несін айтасың қазір малшының жағдайы жақсы. Бұрынғыдай қолмен атқаратын көп шаруа жоқ. Жем-шөптің бәрін техникамен тасып салады. Қойшының жұмысы күзетшімен қарайлас. Қораның есігін ашу ғана. Көрші кеңшарда күйеу балам қой бағады. Төл жарықтық та бағымына орай төгіледі ғой, былтыр жүз қойдан 120 қозы алды, – дейді аға шопан.

– Сіз қанша алдыңыз? – деп тақақтап қоймайды радиожурналист.

– Қалқам-ау, мен сек бағамын ғой. Қыстан күйлі шығып келеді. Мал басы аман.

– Аға, неше қозы алғаныңызды айтпадыңыз ғой, – деп тағы қадалды радиожурналист.

Сол кезде ақсақалдың да ұзақ жыл қой бағып шыңдалған темірдей төзімі таусылды білем, небір тұздығы татымды сөздерді аңыратты.

– Атаңа нәлет, – деді ақсақал, – сен өзің мал көрмеген пәлесің бе, сек еркек мал емес пе? Одан қалай қозы аласың?!.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

ҚИСЫҚ МӘТІН

Айнұр ТӨЛЕУ, *журналист:*

Ерке Есмахан орындайтын «Қайдасың» әнінде мынадай шумақ бар:

Астанада жоқ, жоқ
Алматыда жоқ, жоқ
Ақтөбеде жоқ, жоқ
Шымқалада жоқ, жоқ.

Ал не жоқ бұл қалаларда? Алтын ба? «Жоқ» сөзі бұл жерде жіктелуі керек. «Алматыда жоқсың, Астанада жоқсың» деп 2 жақ формаға келуі тиіс. Ал құры «жоқ, жоқ» – ол қазақ тілін білмейтін адамның әңгімесі.

facebook

АҚСТЫР

Алатаудың етегінде, Алматының әсем табиғатының аясында «Ұлы дала рухы» атты II халықаралық этнофестиваль өтті.

«Ұлы дала рухымен» тыныстап...

«Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркінде болған фестивальге әлемнің 12 елінен қонақтар және ұлт спортын ұлықтап жүрген азаматтар қатысты. Қатысушыларға арнап он екі қанатты 60 ақбоз үй тігіліпті.

Этноауылға келгендер кәсіби бүркітшінің, шабандоз мен көкпаршының, садақшының, батырдың шеберлігіне тәнті болды. Сондай-ақ ұлттық ойындарға қатысып, ұлттық ас мәзірінен дәм татты.

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМНАН

«Ұл сияқты өстім»

Гүлшат ТҰТОВА, *актриса:*

Біздің отбасымызда 3 ұл, 1 қыз тәрбиелендік. Алдымда ер балдар болғандықтан, сотқарлау болып өстім. Көршімізде де қыз болған жоқ. Сондықтан олар велосипед айдаса бірге жарысып, ләңгі ойнаса да жандарынан қалмай, ұрлықты да бірге істедік. Ләңгі демекші, оның қорғасынын үйдің арғы бетіндегі зауытта ерітіп, қайнатқан дайынын ұрлауға мен де баратынмын.

Бір күні барлығымыз тағы да «жорыққа» шықтық. Қайтып келе жатып, оңбай велосипедтен құладым. Үстімнің барлығы жырым- жырым болып, аяғымды да жырып алып, үйге жылап келдім. Анам біліп қойып, ұрыстың астына алған болатын. Кешке қарай ұлдармен ойнағанынды қашан қоясың? «Қыздар секілді қуыршақпен ойнасайшы» деп ұрсатын. Сөзге тоқтаған мен бармын ба, шешем айтып болмай жатып, ұлдармен сыртқа жүгіріп шығып жарыстыратынбыз.

«ЕНДІ ҚЫЗДАРҒА ТИІСПЕЙМІН»

Ұл мінезді болып өстім. Сондықтан да болар мектепте қыздармен жүргенді жек көрдім. Ал сыныптас балалармен тез тіл табыса алдым. Қыздармен арласпайсың дегендіктен 7-8-сыныптарда «Жарайды, араласып көрейін» десем де түк шықпады. Өйткені істеген қылықтары жақпай, іздегені өсек, айтқан әңгімесі бос сөз болып көрінді. Әрбір сөзіне жыным ұстап, ұнамайтын қыздардың быт-шытын шығарғым келетін. Оларға қол көтере алмағандықтан, көлшіктегі лай суды шашамын. Солай есемді алдым. Олар мұғалімдерге шағымданып, бірнеші рет мектептегі «педсоветке» салғызған. Сондағы олардың айтқызған анты да күлкілі. «Ленин атамыздың алдында ант ет! Енді қыздарға тиіспеймін» – деп айт десе де қабылдай алмай, мазақ қылып одан әрі қарқылдап күліп тұрамын. Онда да нәзік сөйлеу жоқ. Риза болып, іштей бәрібір көрсетемін сендерге деп қайталап тұрғаным есімде.

Дайындаған Салтанат ШЫРЫНХАН

ӨНЕРТАНҚЫНЫ

«Эко-үй» мен Flying Bike

Астанада өтіп жатқан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінде Словакия павильоны заманауи үлгіде жасалған «эко-үйді» көпшіліктің назарына ұсынды. Мұнда адамға қажеттінің бәрін табасыз. Тіпті жаңа үй күннен қуат алып, жаңбыр суын тазартады. Оны көліктің артына тіркеп, өзіңізбен бірге алып жүруге болады. baq.kz хабарлағандай, «эко-үйдің» салмағы 1200 келі. Онда дәретхана, душ, ыңғайлы төсек пен теледидар бар. Ас әзірлеуге де болады. Бағасы 76 мың еуро тұрады.

Ал Чехия көрмеге ұшатын велосипед әкелді. Жоба авторларының айтуынша, Flying Bike-ты құрастыруға бір жыл кетті. Оның ұзындығы – 3,8 метр, ені – 2,5 метр, ал биіктігі 1,2 метр. Алты пропеллердің арқасында велосипедті көкке көтеруге мүмкіндік бар. Аппараттың жалпы салмағы – 95 келі. Ол 170 келі болатын жүкті көтеруге қауқарлы. Велосипедте алты қозғалтқыш бар.

БАСПАСӨЗ – 2017

«Жас қазақ» газеті редакциясының мекен-жайы ауысты.

Редакцияның жаңа мекен-жайы – 050004, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 51/53, 6-қабат

Телефондар: 8 (727) 279-09-19; 279-04-99

Бухгалтерия: 279-09-23 (жарнама бөлімі)

jasqazaq.kz

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,29	297,93
3 айға	837,87	893,79
6 айға	1675,74	1787,58
12 айға	3351,48	3575,16

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – *Астана қаласындағы меншікті тілші*

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – *арнаулы тілші*

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *өнер және руханият*

Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*

Руслан ДОСТАЕВ – *web-редактор*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *теріміші*

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қуаныш ТҰҢҒАТАР – Алматы облысы (8 702 952 88 17)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор **Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Шығарушы: **«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың орынбасары **Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат *(М.Мақатаев көшесінің қиылысы)*

Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс – №2121;

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.